| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **3 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Сапқа тұрайық".<br>-Балаларды сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын бекіту. | **3 жастағы балалар**<br>**Музыка**<br>"Әлди-әлди"<br>-Балаларды әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; отбасы туралы ұғымдарын кеңейту. | **3 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Бауырсақпен шеңберге тұру".<br>-Балаларды шеңберге тұруға үйрету; шеңберге өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларына үйрету. | **3 жастағы балалар**<br>**Қазақ тілі**<br>"Сәлем - сөздің анасы. Кел, танысайық!"<br>- Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдау, түсіну, қабылдауды үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды, қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсініп, қарым-қатынаста қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс | **3 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Шеңберге өз еркімізмен тұрамыз"<br>- Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүруге, педагогтің белгісі бойынша аяқтың ұшымен жүру және баяу жүдруден кейін, жылдам ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске түсу, тізені жоғары көтеріп, денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; екі аяғымен ұзындыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | секіру және екі топ бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату іскерліктерін жетілдіру; қимыл ойыны арқылы допты белгілі бір бағытта домалату іскерліктерін бекіту. |
| | **4 жастағы балалар Дене тәрбиесі Дене қимылдарын дамыту** **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру; саусақтарды бүгіп-жазу; оңға-солға иілу; алға еңкею, шалқаю; аяқ ұшымен көтерілу. **Негізгі қимылдар:** Өкшемен жүру, сапта бір-бірден жүру, бағытты өзгертіп жүру. **Ырғақтық жаттығулар:** Музыка әуенімен бұрын үйренген қимылдарды орындау. **Ұлттық** | **4 жастағы балала** «Көңілді ән, көңілді қимыл» **Музыка тыңдау:** Көңілді би әуені. **Ән айту:** Қысқа қайталамалы ән («На-на-на»). **Қимыл:** Шапалақтау, секіру. **Аспап:** Балаларға арналған барабаншықпен ойнау. **Би**: Қарапайым шеңбер бойымен билеу. | **4 жастағы балалар Дене тәрбиесі Қимылды үйлестіру Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды жан-жаққа созу, айналдыру; тізені бүгіп-жазу; қолды белге қойып оңға-солға иілу; өкшемен және ұшымен жүру. **Негізгі қимылдар:** Бір-бірден сапқа тұру, қосалқы қадаммен жүру, жүгіруді секірумен алмастыру. **Ырғақтық жаттығулар:** Әуен ырғағына сәйкес баяу және жылдам қимылдар жасау. **Ұлттық ойын:** «Алтыбақан» (жерде қарапайым түрін | **4 жастағы балалар Қазақ тілі** «Менің балабақшам» **Тілдік дамытушы орта:** Балабақшадағы бөлмелер, ойын алаңы туралы әңгімелесу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Қазақ тіліне тән **ө** дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру (сөздер: «өрік, бөбек, көже»). **Сөздік қор:** «Тәрбиеші, ойыншық, бөлме, тақта, үстел, орындық». **Грамматикалық құрылым:** Сөздерді септеу (кімде? неде? үстелде, тақтада). **Байланыстырып сөйлеу:** Балабақша туралы қарапайым | **4 жастағы балалар Дене тәрбиесі өзімділік пен ептілікті дамыту Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды артқа апарып шапалақтау; белге қойып оңға-солға иілу; аяқпен топылдату; алға еңкею, қолды аяқтың ұшына жеткізу. **Негізгі қимылдар:** Жүруді жүгірумен алмастыру, шеңбер бойымен жүру, бұрылу арқылы қозғалу. **Ырғақтық жаттығулар:** Музыка ырғағымен секіру, қозғалыстарды үйлестіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойын:** «Ақсерек-көксерек». **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Тамақтанар алдында қолды жуу, бет пен қолды таза ұстау. **Өзіне-өзі қызмет көрсету:** Киімін жинау, ұқыпты ілу. **Сауықтыру шаралары:** Серуен кезінде тыныс алу жаттығулары. | | ұйымдастыру). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Асхана құралдарын дұрыс пайдалану. **Өзіне-өзі қызмет көрсету:** Қолданған ыдыстарды орнына қою. **Сауықтыру шаралары:** Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін жалаң аяқ жүру. | әңгіме құрастыру. **4 жастағы балалар** **Музыка** «Әуенді сезейік» **Музыка тыңдау:** Қазақ күйінен қысқа әуен тыңдату. **Ән айту:** «Әрқашан күн сөнбесін» әнінің алғашқы шумағы. **Қимыл:** Домбыра тартқанды қимылмен бейнелеу. **Аспап:** Асатаяқты ырғақпен қағу. **Би:** Қазақ биінің қарапайым иық қимылы. | **Ұлттық ойын:** «Соқыр теке». **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Тісті тазалау, ауызды шайып үйрену. **Өзіне-өзі қызмет көрсету:** Жуынғаннан кейін сүлгіні орнына ілу. **Сауықтыру шаралары:** Суық сумен қолды шаю, серуен кезінде жаттығулар |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Қыркүйек айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету,** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).<br>**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**сурет салу (дәстүрден тыс:** алақанмен бояу «Досымның ізі»),<br>**жапсыру:** «Досымның портреті»,<br>**құрастыру:** конструктордан «Достарға арналған | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**сурет салу** (дәстүрден тыс: мақтамен бояу «Достар ойнап жүр»), **жапсыру**: «Ортақ ойыншық», құрастыру: легодан «Ойын алаңы», мүсіндеу: «Ойыншық доп».<br>**Қимыл-қозғалыс** – «Бірге ойнайық».<br>Тіл дамыту және көркем | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** – «Бөлісу – сыйластық» тақырыбында талқылау.<br>**сурет салу** (дәстүрден тыс: трафаретпен бояу «Досыма сыйлық»),<br>**жапсыру:** «Достық сыйы», **құрастыру:** қалдық материалдардан | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** – «Досыма көмектесемін» (кітап жинау, ойыншық қою).<br>**Шығармашылық әрекеттер** – сурет (дәстүрден тыс: жіппен сурет «Досыма көмектесемін»), жапсыру: «Көмек | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** – «Достар бірлікте» тақырыбы, бірге ойнағанда көмектесу.<br>**Шығармашылық әрекеттер** – сурет (дәстүрден тыс: құммен сурет «Достар бірге»), жапсыру: «Достар қол |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындықтар», **мүсіндеу:** «Досымның сүйікті ойыншығы». **Қимыл-қозғалыс –** «Досыңа сәлем бер». | әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Мұрагер". -Балаларды "Мұрагер" ертегісімен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға талпындыру; ертегідегі адамдардың тіршілігі туралы мағлұматтар беру, үлкендердің тілін алу керектігін түсіндіру; отбасы туралы түсінік беру. "Кіші ұлдың асыл бұйымын тап" ойын рефлексиясы. **«Досыммен бөлісемін» Тіл дамыту және көркем әдебиет** Әңгіме: «Мен досыммен не бөлісемін?». Мақал жаттау: «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады». **Қазақ тілі** – «Сиқырлы қорап» ойыны – ішінен ойыншық алып, сөз құрау (ұ, і дыбыстарымен). **Математика негіздері** – «Кімге қанша жетті?» – | «Сый қорабы», **мүсіндеу:** «Тәттілер». **3 жастағы балалар** Музыкадан айтып жүрген әнді қайталау. (музыка) -Балалардың барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айта булу қабілеттерін дамыту. Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Қошақаным". -Балаларға қошақан туралы ұғым беру; қошақанға күтім көрсету ерекшеліктері мен қошақанның өмір сүру қалпы туралы түсініктерін кеңейту; үй жануарларының өз бетімен табиғатта өмір сүруі қиын екенін түсіндіру; үй жануарларының төлдерін бір-бірінен ажыратуды үйрету; отбасы туралы түсінік беру. **4 жастағы балалар** «Досым – сенімді серігім» **Тіл дамыту және көркем әдебиет** Диалог: «Досыма көмектесемін». Ертегі | қолы», құрастыру: текшелерден «Достар үйі», мүсіндеу: «Көмекші жануарлар». Құрастырудан ойын-жаттығулар. "Балабақша - біздің үйіміз". - Балаларды құрылыс материалдары кірпіш және призма қасиеттерімен таныстыру жүйесін жалғастыру, жазықтықта орналасу принциптерін пысықтау; текшелерді бір баған тәрізді, бірінің үстіне бірін қойып, қолмен түзеп отыруға, тағы бір текшелерді биік бағанға жан-жақтан тіреп қоюға, текшелер үстіне призмаларды, шатыр тәрізді, құламайтындай, қоюға үйрету; достық туралы ұғым беру. "Балабақшаны қалайық" іс-тәжірибе жаттығуы. -Текшелер мен призмалардан құрылған құрылыс | ұстасып тұр», құрастыру: табиғи материалдардан «Достар алаңы», мүсіндеу: «Достар мүсіні». **Қимыл-қозғалыс** – «Менің достарым» би-ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойыншықтарды тең бөлу. | тыңдау: «Арыстан мен тышқан» (достық туралы).<br>**Қазақ тілі** – Дыбыстық эстафета – әр бала досқа байланысты бір сөз айтады.<br>**Математика негіздері** – Геометриялық пішіндерді қолдану арқылы «Достар үйі» құрастыру. | материалдарының жинағынан балабақша құрау.<br>«Достар – біздің байлығымыз»<br>**Тіл дамыту және көркем әдебиет**«Менің ең жақсы досым» әңгімесі. Ертегі мазмұнын қайталау: «Шын достар».<br>**Қазақ тілі** – Барлық өтілген дыбыстарды қайталау: қ, ғ, ө, ү, ұ, і. Қысқа тақпақтар айту.<br>**Математика негіздері** – Кеңістікте бағдарлау: «Досым оң жағымда, сол жағымда». Уақыт: «Бүгін – ертең – кеше». | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Тіл дамыту<br>Ойын «Жаңылтпаш айт» – жеңіл жаңылтпашты қайталау (мыс: «Қара қарға қарқылдайды»). | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Қазақ тілі<br>Ойын «Сөзді жалғастыр» – тәрбиеші бастайды: «Алма...», бала: «қызыл алма». | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Математика негіздері<br>Ойын «Қайсысы үлкен?» – екі затты салыстырып айту (үлкен-кіші). | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Қоршаған әлеммен таныстырумен таныстыру<br>Ойын «Жануарды тап» – суреттен жануарды көрсетіп, атын атау. | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Еңбек<br>Ойын «Таза алаң» – еденнен қағаз қиындыларын жинау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуен** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Жасыл жарық – Қызыл жарық»<br>**Мақсаты:** Тыңдау, нұсқауды орындау, тоқтау мен жүру дағдыларын дамыту.<br>**Шарты:** «Жасыл жарық» – жүгіру, «Қызыл жарық» – тоқтау. | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Күш сынасу»<br>**Мақсаты:** Бұлшық ет күшін, командалық жұмыс дағдысын жетілдіру.<br>**Шарты:** Арқан тарту – екі топ бір-бірін өз жағына тартады. | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Ұшқыштар»<br>**Мақсаты:** Қозғалыс үйлесімділігі мен бағдарлау қабілетін дамыту.<br>**Шарты:** Балалар «ұшақ» болып, кедергілер арасымен белгілі бағытта ұшады | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Кім шапшаң доп жеткізеді?»<br>**Мақсаты:** Допты басқару дағдысын жетілдіру.<br>**Шарты:** Балалар допты аяқпен немесе қолмен белгіленген жерге жеткізеді. | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Аңшылық жарыс»<br>**Мақсаты:** Жылдамдық, ептілік және көз мөлшерін дамыту.<br>**Шарты:** Балалар «аңдарды» (ойыншықтарды) таяқпен «қуып» белгіленген орынға апарады. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.. Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі**<br>"Ойыншығыңмен таныстыр" сөздік жаттығуы.<br>-Балаларға заттардың қажеттілігі туралы қарапайым сөз тіркестері арқылы айтуды үйрету.<br>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу.<br>"Менің отбасым".<br>-Балалардың отбасы туралы ұғымдарын кеңейту; отбасы туралы түсінік бере отырып, отбасы мүшелерінің аталуын жатқа айтуды үйрету; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беруге жаттықтыру; балабақша мен отбасының байланысы туралы түсінік беру. Отбасы мүшелерінің атаулары арқылы балалардың | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі**<br>"Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны. (құрастыру, (тіл дамыту және көркем әдебиет))<br>-Балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу.<br>Барысы. Қорапта әртүрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады. Жеміс-жидектер, ойыншықтар, өсімдіктер. Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған. Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады.<br>"Отбасы" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>-Балаларды отбасылық қатынастарды көбейтуге және оларды шығармашылық тұрғыдан түсіндіруге шақыру; ересектердің іс-әрекетінің | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі**<br>Мүсіндеуден ойын-жаттығулар<br>"Әжем пісірген тәттілер".<br>-Балаларды қамыр сияқты мүсіндеу материалымен таныстыру; кесектен бөліктерді үзіп, әртүрлі нан өнімдерін жасауға үйрету; дөңгелектеу және тік есіп мүсіндеу, таяқша ұштарын қосу, жалпайту тәсілдеріне жаттықтыру; нан өнімдері туралы түсініктерді кеңейту.<br>Қамырдан саусақтармен үзу және жұлу, алақандар арасында дөңгелектеп илеу, тік есу арқылы қолдың ұақ моторикасын дамыту; пішіндерді қабылдау, жазықтықты және кеңістікті бағдарлау мүмкіндіктерін жетілдіру.<br>"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері. | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі**<br>"Отбасы" ойыны.<br>-Балалардың "Отбасы" ойыны арқылы шығармашылықтарын шыңдау; отбасы туралы түсініктерін кеңейту; әр отбасы мүшесінің атқаратын ісі мен рөлі жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; отбасылық ынтымақтастық туралы білімдерін толықтыру.<br>"Отбасы" ойыны.<br>"Үйді салайық" ойын-жаттығуы (құрастыру)<br>-Құрастырылатын құрылысты қарапайым суреттегі үлгісіне қарап және өз өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу.<br>**Дамытушы орталарда** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі**<br>"Үй жануарын дауысына қарай ажырат" дидактикалық ойын.<br>-Үй жануарларының дыбыстарын ажырату қабілеттерін дамыту. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>"Балабақшаға қонақ келді" сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру)<br>-Балаларда көңілді, қуанышты көңіл күй қалыптастыру, балалардың қарым-қатынас құру дағдыларын дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: аспаз қуыршақ, көкөністер, ыдыс-аяқ.<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Теңге ілу». (дене тәрбиесі)<br>-Балаларды қазақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойлауы мен зейінін, есте сақтауы мен қабылдауын, тілі мен дүниетанымын дамыту.<br>"Менің отбасым" дидактикалық ойыны.<br>-Балалардың сөздік қорын отбасын сипаттайтын анықтамалармен толықтыру.<br>Барысы: балалар кезекпен отбасы мүшелеріне байланысты суретті алып, өз отбасы мүшелері туралы айтады. Педагогтің сұрақтарына жауап береді. Үлгі:<br>- Сенің отбасың қандай?<br>- Менің отбасым ең көңілді (мейірімді, еңбекқор, кітап оқиды, саяхаттайды, спортты жақсы көреді), өйткені ... (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**Дамытушы орталарда** | адамгершілік мағынасын ашу; өзара түсіністік сезімін, басқаларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Көтермек». (дене тәрбиесі)<br>-Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дене күшін дамыту, аяқ-қол қимылдарыныңептілігін дамыту.<br>Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын тіреп тұрады. Белгі бойынша кім бір-бірін арқасына бірінші көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді.<br>Жеңіске жеткен бала ойында қала береді, басқа балалармен күш сынасады.<br>Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.<br>**амытушы орталарда** | Дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау.<br>Алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды.<br>Барысы: балалардың ішінен жүргізушіні тағайындайды. Балалар шеңбер бойымен отырады, жүргізуші ортада көзін жұмып тұрады. Педагог бір балаға қоңыраушаны береді, бала көзін ашпай, дыбыстың қай жақтан шыққанын қолымен нұсқайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады.<br>**Дамытушы орталарда** | | ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Дамытушы орталарда** |

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).<br>Күні бойы жасаған еңбегін мақтап, «сенің қолыңнан бәрі келеді» деңіз.<br>Бүгінгі бақшадағы қызықтары туралы әңгімелесіп, сұрақ қойыңыз.<br>Бірге үстел үсті ойын ойнап, логикасын дамытыңыз.<br>Бірге сурет салып, күннің әсерлерін бейнелеңіз.йге қайтқанда баланың күнін сұрап, жақсы жасаған ісін міндетті түрде мақтаңыз.<br>«Саған ең ұнаған іс не болды?» деп сұрап, сөйлесуге уақыт бөліңіз.<br>Үйге келгенде баланы құшақтап, жылы сөз айтыңыз.<br>Бала жасаған суретін, қолөнерін бірге тамашалаңыз. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**<u>Қыркүйек айы 2025 жыл 3 апта</u>**

**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (15.09.2025 – 19.09.2025 жыл 3 апта)
***"Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы"***
**Тәрбиешілер: Бекенова Г.К., Утепбергенова К.М**
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 15.09.2025 ж | Сейсенбі 16.09.2025 ж | Сәрсенбі 17.09.2025ж | Бейсенбі 18.09.2025ж | Жұма 19.09.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>Қайырлы таң, ашық аспан!<br>Қайырлы таң, кең далам!<br>Қайырлы таң, күннің нұры!<br>Қайырлы таң, балабақшам! | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. мультфильмді қосып қарсы алу.<br>"Көңіл күй"<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. мультфильмді қосып қарсы алу.<br>"Сәлем, сәлем"<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>«Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да, аңға да,<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>«Амансың ба, Алтын күн!»<br>Амансың ба, Алтын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бәрі бірге айтады.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын!<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | күн!<br>Амансың ба, Жер - Ана!<br>Амансың ба, достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам!<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | "Бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар" | "Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек" | "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері" | Балаларды мәдени-гигиеналық ережелермен таныстыру. | Үйде балаларға қолайлы орта туғызу. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Балаларға қуыршақ киімдері мен төсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуді үйрету: балаларды жұмыс алдында алжапқыштарын киюді үйрету; жууға және кептіруге қажетті керек-жарақтарды, сондай-ақ жұмыс орнын дайындау, | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Балаларға тарақтарды тазарту жұмыстарында педагогке көмектесуге үйрету: суланған тарақтарды шаю, оларды щеткалармен тазалау.<br>"Үйшікте кім тұрады?" үстел ойыны. ("Үйшік" ертегісі желісімен")<br>-Балалардың сөздік қорын | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет ету іскерліктерін дамыту.<br>"Аюға ойыншықтарымызды көрсетеміз" ойыны.<br>-Ойыншықтардың атауын қазақ тілінде | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Балаларды таза, ұқыпты болуға, дербес әрекеттерін жетілдіре түсуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Үстел үсті ойыны. "Суретті құрастыр".<br>-Жануарлардың бөлшектенген суреттерінен тұтас бір бөлікті құрастыруды | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Балаларды топ бөлмесіндегі реттілікті сақтауды үйрету: үстелдер, орындықтар, сөрелердің шаңын сүрту. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сабынды қолдана білу іскерліктерін дамыту.<br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.<br>- Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>(музыка)<br>"Қапшықта не бар?" дидактикалық ойыны.<br>-Балалардың сипап-сезу қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын байыту.<br>Құрал-жабдықтар: жануар ойыншықтар.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші кез келген балаға көздерін жұмуды немесе жабуды сұрайды, қапшыққа балаларға таныс жануар ойыншықтарды салады. Басқа ойыншылар тәрбиешінің не салғанын көреді, бірақ үндемеуі керек. Олар көзі жұмулы досына жасырынған жануар ойыншықты сипаттап берулері тиіс. Бала қолын қапшыққа салып, ойыншықты | байыту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>"Мұқият бол" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>-Мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет: жануар, тастар және құстар. Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді.<br>1. Жануарлар карточкасын көрсеткенде балалар қолдарын сермеп, шеңбер бойымен баяу | дұрыс атауды үйрету, ойыншыққа ұқыпты карауға тәрбиелеу, ұқыпты ойнауды үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: әртүрлі ойыншықтар.<br>Тәрбиеші ойыншықтарды қояды, аю балаларға қонаққа келеді. Педагог оған ойыншықтарды көрсету керектігін айтады. Балалар сүйікті ойыншығын алып, қонаққа көрсетіп, ол туралы айтып береді.<br>(қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы.<br>-Балаларға жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Қонжық орманда жүреді, (екі аяқ иық енінде, қол белде)<br>Маймаңдайды, теңселеді. | үйрету, балалардың қабылдауын және байқағыштығын дамыту.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>"Суретті тап" ойыны.<br>(топпен жұмыс)<br>-Есте сақтау, зейінді дамыту.<br>Балаларға суретті белгілі уақыт көлемінде көрсету. Одан кейін балалардың көздерін жұмып, көптеген суреттердің ішінен бірінші қараған суретін тауып алып, қазақ тілінде атау керектігін айту. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>"Кірпіжан" жаттығуы.<br>-Балаларды диалогқа белсенді қатысып, көркем сөз айтуға бейімдеу; сөйлеу қабілеттірен дамыту.<br>Кірпіжан, кірпіжан,<br>Қайда жортып барасың?<br>Орманнан, орманнан<br>Нені іздеп аларсың? | "Айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны.<br>-Балаларға жануарлардың немесе жансыз табиғаттың суреттерін көрсетіп, айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>"Кел, санайық санамақ" саусақ жаттығуы.<br>-Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сипап, оны табуы қажет. Егер ойыншық дұрыс аталса, бала оны өзіне алады, егер жоқ болса, оны қалдырады. Басқа балалар кезекпен ойнайды. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>"Кім не жейді?" үстел үсті ойыны.<br>-Жануарлардың атаулары және олар не жейтіні туралы балалардың білімдерін нақтылау, бақылау мен зейінді дамыту. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | жүгіреді.<br>2. Тастарды көрсеткенде балалар тізелерін құшақтап отырады.<br>3. Құстарды көрсеткенде балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қателескен бала ойыннан шығып қалады. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) | (маймандау, қонжық жүрісіне еліктеу)<br>Майманд айды, теңселеді,<br>Тәтті жидекті тереді.<br>(шоқайып отыру, саусақтармен еденді соққылау)<br>Ағаштарға өрмелейді,<br>(екі қол кеуде алдында бүгулі; қолды көтеріп-түсіру, аяқтарды бүгу, кезекпен көтеріп-түсіру)<br>"Бал бересің бе?" - деп сұрайды. (екі алақанды қосып үйкелеу)<br>"Бал бересің бе?" - деп сұрайды.<br>Жерге түсіп майманд айды.<br>(майманд ап жүру)<br>Д. Ахметова (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет) | Жолым көп, жолым көп,<br>Қоректерді іздеймін.<br>Кездейсоқ, кездейсоқ<br>Иіскеп жүріп, табамын.<br>Д. Ахметова. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | эмоцияларды дамыту.<br>Кел, санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап.<br>Бас бармағым алғашқы,<br>Балаң үйрек жалғасы.<br>Ортан терек атасы,<br>Шылдыр шүмек анасы.<br>Шынашағым балапан<br>Бәріне ортақ алақан.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дидактикалық ойын "Аңшы мен бақташы"<br>-жабайы аңдар мен үй жануарларын топтастыруға алады. (қоршаған әлеммен таныстыру) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені. Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас** | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.<br>Гигиеналық дағдылар. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту.  Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа  толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық</td><td colspan="5">Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</td></tr>
<tr><td>Кестеге сәйкес ҰІӘ</td><td>3 жастағы балалар<br>Дене тәрбиесі<br>"Әдемі шеңбер жасайық"<br>-Балаларды ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату техникасын бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау, қимылды ойын арқылы допты гимнастикалық шеңберге кіргізу іскерліктерін жетілдіру.</td><td>3 жастағы балалар<br>Музыка<br>"Жаңбыр".<br>-Балалардың жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін дамыту; музыкалық аспапта ойнауды үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін,</td><td>3 жастағы балалар<br>Дене тәрбиесі<br>"Епсіз қонжық"<br>-Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп, аяқтың ұшымен жүруді үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру</td><td>3 жастағы балалар<br>Қазақ тілі<br>"Үй жануарлары және оның төлдері".<br>-Қазақ тілін тыңдауды, түсінді, қабылдауды үйрету. Балаларды өздеріне таныс ертегіні айтып беруге ынталандыру. Жұрнақтар мен жалғауларды дұрыс қолдануды үйрету, жануарларды атау және төлдерінің аттарын, қарама-қарсы мағыналы сөздерді (үлкен - кіші) ажырата білу дағдыларын</td><td>3 жастағы балалар<br>Дене тәрбиесі<br>"Аяқтың ұшымен жүрейік".<br>-Балаларды биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу техникаларын жетілдіру; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. Пысықтау ойыны арқылы заттарды көлеміне қарай сәйкестендіру іскерліктерін дамыту</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау.<br>"Тамшылар мен жауын" дидактикалық ойын.<br>-Балаларды ұзақ не қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Әуеннің ритмін сезінуге баулу. | | қалыптастыру. | |
| | **4 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Тепе-теңдікті сақтау**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Бір аяқпен тұру; қолды жан-жаққа созып тепе-теңдікті сақтау.<br>**Негізгі қимылдар:** Сызық бойымен жүру, орындық үстімен жүру.<br>**Ырғақтық жаттығулар:** Музыка әуенімен тепе-теңдік қозғалыстары.<br>**Ұлттық ойын:** «Асық ату».<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қол орамалды қолдану. | **4 жастағы балала**<br>«Тыңдап, әңгімелейік»<br>**Музыка тыңдау:** Таныс ән тыңдату (өткен аптадан). Балалар алған әсерін әңгімелейді.<br>**Ән айту:** «Құлыншақ» әнін мәнерлеп айту.<br>**Қимыл:** Құлыншақ жүрісін салып көрсету.<br>**Аспап:** Қоңырау арқылы ырғақ соғу.<br>**Би:** Балалар жұптасып билейді. | **4 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Қимылдарды үйлестіру**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қол мен аяқ қимылдарын бір мезетте орындау.<br>**Негізгі қимылдар:** Жүгіруді секірумен алмастыру, бағытты өзгерту.<br>**Ырғақтық жаттығулар:** Әуен ырғағына қимылдарды дәл келтіру.<br>**Ұлттық ойын:** «Теңге алу».<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Жуынғаннан кейін орамалды орнына ілу. | **4 жастағы балалар**<br>**Қазақ тілі**<br>«Менің жанұям»<br>**Тілдік дамытушы орта:** Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, суреттер арқылы таныстыру.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Қазақ тіліне тән **ү, ұ** дыбыстарын үйрету (сөздер: «үстел, гүл, ұл, ұршық»).<br>**Сөздік қор:** «Әке, ана, аға, әпке, іні, қарындас, әже, ата».**Грамматикалық құрылым:** Жіктеу, тәуелдеу («Менің әкем бар», «Бұл – менің анам»). | **4 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жылдамдықты арттыру**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Тез иілу, жылдам қимылдар.<br>**Негізгі қимылдар:** Жүгіруді секірумен алмастыру, тосын қимылдарға жауап беру.<br>**Ырғақтық жаттығулар:** Музыка ырғағымен жылдам жаттығулар.<br>**Ұлттық ойын:** «Қашып құтыл». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Өзіне-өзі қызмет көрсету:** Киімді орнына қою.<br>**Сауықтыру шаралары:** Суық сумен шынығу | | **Өзіне-өзі қызмет көрсету:** Ойыншықтарды жинау.<br>**Сауықтыру шаралары:** Серуен кезінде қозғалыс жаттығулары. | **Байланыстырып сөйлеу:** «Менің отбасым» тақырыбына әңгіме құрастыру.<br>**4 жастағы балалар Музыка** «Тыңдап, әңгімелейік»<br>**Музыка тыңдау:** Таныс ән тыңдату (өткен аптадан). Балалар алған әсерін әңгімелейді.<br>**Ән айту:** «Құлыншақ» әнін мәнерлеп айту.<br>**Қимыл:** Құлыншақ жүрісін салып көрсету.<br>**Аспап:** Қоңырау арқылы ырғақ соғу.<br>**Би:** Балалар жұптасып билейді. | **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Тамақтану әдебін сақтау.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету:** Үстелді тазалау.<br>**Сауықтыру шаралары:** Тыныс алу жаттығулары. |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Бақылау: "Жапырақтардың өзгерісі"**<br>**Мақсаты:** Жапырақтардың түсі мен пішіндерін тану, күзгі өзгерістерді бақылау.<br>**Іс-әрекет:**Балалар ағаштардағы жапырақтардың түстерін бақылайды: жасыл, сары, қызыл және қоңыр жапырақтарды таниды. Педагог балаларға жапырақтың неге түсетінін және күз мезгіліндегі табиғаттың өзгерістерін түсіндіреді.<br><br>**Сұрақтар:**<br>«Жапырақтар қандай түстерге боялған?»<br>«Бұл жапырақтар қай ағаштан түсті?»<br>**Белсенділік:**<br>Жапырақтарды жинау, олардың пішінін қолдарымен сипалап сезіну, жапырақтармен ойындар ұйымдастыру.<br>**Өсімдіктерге күтім жасау**<br>**Мақсаты:** Балаларға өсімдіктердің күтімі | **Бақылау: "Күннің күйі"**<br>**Мақсаты:** Ауа райын сезіну, күннің жылуы немесе салқын болуы туралы түсінік беру.<br>**Іс-әрекет:**Балалар күннің қалай жылытып тұрғанын немесе ауа райының салқындығын сезіну үшін бетін күнге қаратады немесе желді сезінеді.Педагог балаларға «Күннің шуағы бізді қалай жылытады?» деген сұрақтар қояды.<br>**Сұрақтар:**«Бүгін күн жылы ма, әлде суық па?»<br>«Күн бізге не береді?»<br>**Белсенділік:**<br>Күнге қарап, оның қалай жарқырап тұрғанын бақылау, желдің күші мен ауа райының әсерін сезіну.<br>**Ойыншықтарды жинау және реттеу**<br>**Мақсаты:** Балаларды өз заттарына және ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға үйрету.<br>**Іс-әрекет:**Балалар ойнап болған соң, ойыншықтарды арнайы себетке немесе | **Бақылау: "Бұлттарды бақылау"**<br>**Мақсаты:** Аспандағы бұлттардың қозғалысын байқау, олардың түрлері мен пішіндерін тану.<br>**Іс-әрекет:**Балалар аспанға қарап, бұлттардың пішінін және олардың қалай қозғалатынын бақылайды.<br>Педагог бұлттардың әртүрлі болатынын түсіндіреді: жұқа, қалың, ақ немесе қара бұлттар.<br>**Сұрақтар:**«Бұлттар қандай? Олар неге ұқсайды?»<br>«Бұлттар қайда қозғалып бара жатыр?<br>**Белсенділік:**<br>Балалар бұлттардың пішінін елестетіп, «Олар неге ұқсайды?» деп айтады (мысалы, жануарларға, үйлерге ұқсайды деп елестету).<br>**Ауладағы жапырақтарды немесе қоқысты жинау**<br>**Мақсаты:** Балаларға қоршаған ортаны таза ұстауға үйрету. | **Бақылау: "Құстарды бақылау"**<br>**Мақсаты:** Құстардың қозғалысын, олардың дауысын тыңдау, құстардың түрлерін ажырату.<br>**Іс-әрекет:**Балалар серуен барысында құстардың даусын тыңдап, олардың қалай ұшып жүргенін бақылайды<br>Педагог құстардың атауларын атап, олардың табиғаттағы рөлі туралы әңгімелейді.<br>**Сұрақтар:**«Қандай құстарды көрдік?»<br>«Құстар қалай ән салады?»<br>**Белсенділік:**Құстардың дауысын еліктеу, құстардың ұшуын бейнелеп ойнау (қолдарын жайып, құстар секілді жүгіру).<br>**Құстарды немесе жануарларды күту**<br>**Мақсаты:** Балаларға жануарларға қамқор болуды үйрету.<br>**Іс-әрекет:**Балалар | **Серуен картотекасы№10**<br><br>**Бақылау: "Ағаштардың биіктігі"**<br><br>**Мақсаты:**<br>Ағаштардың биіктігін, олардың жапырақтары мен діңін зерттеу.<br><br>**Іс-әрекет:**Балалар ағаштардың діңіне қарап, олардың биіктігін бағалайды.Педагог ағаштардың қалай өсетінін түсіндіреді.<br><br>Балаларға ағаштың жасыл жапырақтары мен олардың пішіндерін көрсету.<br><br>**Сұрақтар:**«Ағаш биік пе, әлде аласа ма?»<br>«Жапырақтар қандай пішінде?»<br>**Белсенділік:**<br>Ағаштардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы түсінік беру және табиғатқа деген сүйіспеншілік қалыптастыру.<br>**Іс-әрекет:**Балалар бөлмедегі немесе ауладағы өсімдіктерді суарады. Топтағы гүлдердің жапырақтарын сүртеді. Педагог балаларға судың өсімдіктер үшін маңызды екенін түсіндіреді және өсімдіктердің қалай өсетінін көрсетеді.<br>**Құралдар:** кішкентай су құйғыштар, майлықтар. | сөреге жинайды. Ойыншықтарды әртүрлі санаттарға бөлуге үйрету (мысалы, машиналарды бір жерге, қуыршақтарды басқа жерге қою).<br>**Құралдар:** ойыншықтар, ойыншықтарды жинайтын себеттер. | **Іс-әрекет:**Балалар серуен барысында жерге түскен жапырақтарды немесе қоқыстарды жинайды. Педагог балаларға табиғатты қорғау және қоқыстарды жинаудың маңызын түсіндіреді.<br>**Құралдар:** кішкентай қапшықтар, қолғаптар. | балабақшаның ауласында құстарға жем шашады немесе аквариумдағы балықтарға жем береді. Педагог құстардың немесе жануарлардың қалай тамақтанатынын және оларға қалай қамқор болу керектігін түсіндіреді.<br>**Құралдар:** құс жемі немесе балықтарға арналған жем. | айналасында жүру, олардың жапырақтарын жинау және жапырақтардың пішіндерін талдау.<br>**Құммен және сумен ойнау**<br>**Мақсаты:** Балалардың ұсақ моторикасын дамыту және еңбекке қызығушылықты арттыру.<br>**Іс-әрекет:**Балалар құмда немесе суда арнайы ойыншықтармен ойнап, құмнан әртүрлі пішіндер жасайды.<br>Ойнап болғаннан кейін, балалар жұмыс орнын жинайды, құралдарды жуып, сөреге қояды.<br>**Құралдар:** құм және суға арналған ойыншықтар. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Сурет салу** (дәстүрден тыс: алақанмен сурет «Ойыншық аю»), жапсыру: «Ойыншық қуыршақ», **құрастыру:** легодан «Ойыншық сөресі», **мүсіндеу:** «Кішкентай аю».<br>**(3 жастағы балалар, 4** | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** – Қуыршаққа күтім жасау: тарау, киіндіру.<br>**сурет салу**(дәстүрден тыс: мақтамен бояу «Қуыршақ»), жапсыру: «Қуыршақтың көйлегі», **құрастыру:** қағаздан | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Сурет салу** (дәстүрден тыс: жіппен сурет «Ойыншық машина»), **жапсыру:** «Жолдағы машиналар», **құрастыру:** конструктордан «Гараж», **мүсіндеу:** «Машина дөңгелегі».<br>**Қимыл-қозғалыс** – | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Сурет салу** (дәстүрден тыс: трафаретпен бояу «Жұмсақ ойыншық»), **жапсыру:** «Қоянға сәбіз», **құрастыру:** табиғи материалдан «Жануар алаңы», м**үсіндеу**: «Жұмсақ ойыншық аю». | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру** – «Ойыншықтарға қамқор болу» (сындырмау, таза ұстау).<br>**сурет салу** (дәстүрден тыс: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Арайлы таң, армысың!<br>Шуақты күн, армысың!<br>Жан досым, саған сәлем берейін,<br>Аман-есен бармысың!<br>Балалар достарымен қол алысып амандасады.<br>(тіл дамыту) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)<br><br>мультфильмді қосып қарсы алу.<br>"Қайырлы таң"<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Сәлем бердім досыма!<br>Аман болсын әрқашан!<br>Асығамын қашанда!<br>Жайдарлы мінезді апайыма.<br>(тіл дамыту) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)<br>мультфильмді қосып қарсы алу.<br>"Қайырлы таң"<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>«Күй күмбірі»<br>Күймен балаларды қарсы алу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | "Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны.<br>-кеңістікті бағдарлауды үйрету. | Кеңес.<br>"Саусақ жаттығулары".<br>Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Отбасындағы сауықтыру шаралары". | "Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу. | "Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>-Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды таратуға, тиянақты жинауға дағдыландыру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен карауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу. | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: "Асхана бойынша кезекшілік".<br>- топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен карауды қалыптастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>«Жеміс жинау» жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері, тіл | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: "Бөлме өсімдіктері өскен топырақты қопсытамыз".<br>-Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Еңбекке баулу; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен карауды қалыптастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>Боямақ суреттермен жаттығулар. (сурет салу, қоршаған әлеммен таныстыру) | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: "Өсімдіктерге күтім жасау, суару".<br>-Өсімдіктер, оларға күтім жасау (суару) туралы, өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігі туралы түсініктерді анықтау, дамыту; сукұйғышпен суару тәсілдерін бекіту; тазалыққа баулу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен карауды қалыптастыру.<br>«Бірдей бөлшектерден өрнек құрастыр» ойын жобасы (сурет салу, құрастыру)<br>- балаларда өрнектердің | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Ұлттық сезім күні<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: "Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)<br>-балаларды жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету, шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіп сақтауға дағдыландыру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.<br>-Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)<br>"Көгөністі, жемісті танып, атауын ата" дидактикалық ойыны. (қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Өсімдіктерді жіктей білуді дамыту; қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу; балалардың сөздік қорын байыту; денсаулық үшін көгөністер мен жемістердің пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру, толық жауап беруге ынталандыру.<br>«Сипаттама бойынша тап» үстел үсті ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру)<br>-табиғи объектілердің (жануарлар, өсімдіктер, балықтар, жәндіктер және | дамыту)<br>Дидактикалық мақсаты. Өсімдіктерді жіктей (жеміс, көгөніс) білуді бекіту. Заттарды санауды және олардың екі тобын салыстыруды, өлшемі мен пішініне және түстеріне қарай ажыратуды үйрету.<br>Қажетті құрал-жабдықтар. Қағаздан жасалған үш себет және үлестірмелі жеміс түрлері.<br>"Жұмбақты шешеміз" жаттығуы. Жемістер және көгөністер. (қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Өсімдіктердің жіктелуі туралы (жеміс, көгөніс) түсініктерді бекіту; қазақ тіліне тән дыбыстарды жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Балдай тәтті дәмі бар. (Алма)<br>Тіл үйірген дәмі бар,<br>Сары алтын түс – сәні | -Пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды, сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, қауіпсіздікті сақтауға баулу; қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.<br>"Жұмбақты шешеміз" жаттығуы. Жемістер және көгөністер. (қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Өсімдіктердің жіктелуі туралы (жеміс, көгөніс) түсініктерді бекіту; қазақ тіліне тән дыбыстарды жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу; ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Бұйра тұлымы,<br>Желмен ойнайды.<br>Қызыл мұрыны,<br>Жерге бойлайды.<br>(Сәбіз)<br>Бұл не деген көп киім, | ырғақты түрде қайталанатын қарапайым бөлшектерін қолдана отырып, әртүрлі формадағы кенептерді безендіру принциптері туралы идеяларды дамыту; суреттерді безендірудің сәндік өрнектері мен заңдылықтары туралы түсінік беру; кезектілікті сақтай отырып, көгөністерден бедерін бастыру, ою-өрнек бөлшектерімен қатаң тәртіпте жабу дағдыларын дамыту (шахмат, тізбектер, кеңістікті бос орын қалдырмай, ешбір саңылаусыз толтыру); нәтижеге жету процесін жоспарлауға, қолөнерді ойластыруға үйрету; сындарлы, стандарттан тыс ойлауды, шығармашылық қиялды, табандылықты, шыдамдылықты және ұйымшылдық сезімін тәрбиелеу.<br>"Не дәмді?" ертегісін | қарауды қалыптастыру.<br>Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары)<br>«Күз құбылыстарын ата» дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Күз мезгіліне тән табиғат құбылыстарын (жел, жаңбыр, тұман, қар) дұрыс атау дағдыларын дамыту; бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты); қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | т.б.) пайда болуы туралы білімді дамыту және бекіту. Есте сақтауды, сөйлеуді дамыту.<br>Материалдар: жануарлар, балықтар, құстар мен жәндіктердің бірнеше түрлері бар карточкалар (ойыншылар санына қарай немесе одан да көп). | бар.<br>Шақсаң егер кептіріп,<br>Сүйегінің дәні бар,<br>Баққа тұрар сән беріп,<br>Алқа етіп тізіп ал. (Өрік)<br>Қызыл күрең түрі бар,<br>Тебіндеген бүрі бар.<br>Піскен кезде қаулайды,<br>Алтыннан бір аумайды,<br>Бал татыған нәрі бар,<br>Онда емнің бәрі бар.<br>(Шабдалы) | Жетпіс қабат көк киім?<br>Жаңбыр одан өтпейді,<br>Түймелеуге жетпейді.<br>(Орамжапырақ.)<br>Тігіп алып көк шатыр,<br>Қызыл-күрең доп жатыр. (Қызылша.)<br>Ұрмай-соқпай жылатады,<br>Әркім бірақ ұнатады.<br>(Пияз) | мәнерлеп оқу. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу. | айналды);<br>Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру; байланыстырып сөйлеуді дамыту.<br>Дамытушы мультфильмдер. Көгөністер әні. (музыка, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу; өсімдіктердің жіктелуі туралы (жеміс, көгөніс) түсініктерді бекіту; шығармашылыққа тәрбиелеу. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір- | | | | |

| | |
|---|---|
| | біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** |
| **Таңғы ас** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Гигиеналық дағдылар. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аудару орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>**Түрлі жас 3 жастағы балалар**<br>"Домалайық".<br>-Балаларды тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау.<br>"Ғажап күздің сыйлығы".<br>-Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдысын жетілдіру. | **Музыка**<br>**3 жастағы балалар**<br>"Себеттегі жемістер".<br>-Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; күз сыйы туралы ұғым беру.<br>Дидактикалық ойын: "Дәмінен таны".<br>-Жемістердің дәмін ажыратуды үйрету. | **Дене тәрбиесі**<br>**Түрлі жас 3 жастағы балалар**<br>"Күз қандай?"<br>-Балаларда тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдыларын жетілдіру; гимнастикалық шеңберлермен жалпы дамыту жаттығуларын жасауға ынталандыру; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау.<br>"Әдемі жүреміз" қимылды ойыны.<br>- Түзу сызықтың бойымен жүруді үйрету. | **Қазақ тілі**<br>**Түрлі жас 3 жастағы балалар**<br>"Нан дастарханға қалай келеді?"<br>-Қазақ тілін тыңдауды, тақырып бойынша фонетикалық сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, сөзін түсіну, нанның дастарқанға келу жолы туралы білімдерін қалыптастыру. | **Дене тәрбиесі**<br>**Түрлі жас 3 жастағы балалар**<br>"Айнала алтын күз".<br>-Балалардың бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру іскерліктерін жетілдіру, тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру, қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдыларын бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау.<br>"Орныңды тап" қимылды ойыны.<br>-Бірлесіп ойын ойнауды үйрету, жылдам жүгіру дағдысын дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **4 жастағы балалар**<br>**Музыка**<br>"Күзге ән арнайық".<br>- балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету. | **4 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Тақтайдың үстімен қалай жүреміз?"<br>-Балаларға екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) допты лақтыруды үйрету. | **4 жастағы балалар**<br>**Қазақ тілі**<br>"Көгөністер мен жемістерді жинаймыз Геометриялық пішіндер".<br>-Балалардың "күзгі астық", "қысқы дайындық" туралы түсініктерін қалыптастыру; жемістер мен көгөністерді ерекшеліктері бойынша топтастыру туралы білімдерін пысықтау.<br>Сөздік жұмысқа арналған интеллектуалды карта "Жемістер мен көгөністер".<br>Суретті-карточкалардың қолданылуымен лого ырғақ "Жемістер-көгөністер".<br>**Музыка**<br>**4 жастағы балалар**<br>Музыка<br>"Жомарт күз".<br>-Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету. | **4 жастағы балалар**<br>"Гимнастикалық қабырғаға өрмелейміз!"<br>-Балаларға сапта бір-бірден жүгіруді; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуді үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3 жастағы балалар**<br>Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Күз келді".<br>-Балаларды "Күз келді" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, тақпақты мұқият тыңдауды үйрету; тақпақты жатқа айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға жаттықтыру; тақпақтағы күз мезгілін көркем сөзбен әдемі өрнектеген жолдарына балалардың назарын аударып, мәнін түсіндіру; күз туралы түсінік беру.<br>"Күз кереметтерін тап" ойыны.<br>- Күз мезгіліне қатысты суреттер табу.. | **3 жастағы балалар**<br>Математика негіздерінен ойын-жаттығулар.<br>"Күзгі қоректер".<br>-Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "көп", "біреу" ұғымдарын ажырату дағдыларын қалыптастыру, педагогтің нұсқауы бойынша заттарды жазықтықта орналастыру іскерлігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту.<br>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар<br>"Күз кереметі".<br>-Балаларды күз кереметтерімен таныстыра отырып, күз айының ерекше табиғи қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; адамның табиғатқа қамқорлық қатынасының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>«Күз сыйлаған бұйымдар» қолөнер | **3 жастағы балалар**<br>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар.<br>"Себеттегі жемістер".<br>-Балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; жемістер жайлы түсініктерін жүйелендіруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; күз сыйының мәнін ашу.<br>"Дәмінен таны" дидактикалық ойыны.<br>-Жемістердің дәмін татып, қандай жеміс екенін дәмінен ажыратуды үйрету. Жемістердің атауын қазақ тілінде дұрыс айтуды дағдыландыру<br>**4 жастағы балалар**<br>Математика негіздерінен ойын-жаттығулар.<br>"Кірпілерге жемістер".<br>-Балаларды өздерінің | **3 жастағы балалар**<br>Тіл дамыту және көркем әдебиет дамытудан ойын-жаттығулар.<br>"Жеміс-көгөніс" дидактикалық ойыны.<br>-Балалардың күз сыйлары туралы, көгөністер мен жемістердің өсу ерекшеліктері мен орындары туралы, білім аясын кеңейту.<br>Дидактикалық ойын.<br>"Жеміс-көгөніс".<br>-Жемістер мен көгөністердің атауларын бекіту; жемістер мен көгөністерді екі топтамаға бөліп, ажырату тәртібін пысықтау.<br>**4 жастағы балалар**<br>Сурет салудан ойын-жаттығулар.<br>"Жемістер".<br>-Балаларға қылқалам арқылы алма мен алмұртты бейнелеуді үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқаламның ұшымен салып, ішін баланың өзі | **3 жастағы балалар**<br>Сурет салудан ойын-жаттығулар.<br>"Сәбіз".<br>-Қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, бір нүктеден қағаз бетінің тіке бойымен доғалы сызық жүргізіп, қайта айналдырып, басталған нүктеге жету білігін жетілдіру, салынып қойған сопақша пішінін қылқалам арқылы қызыл сары бояуға бояу техникасын қалыптастыру; төгілмеуіш пен тіреушені қолдану дағдыларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінін, елестету қабілетін дамыту.<br>Саусақ жаттығуы.<br>"Жүрейік, жүрейік".<br>Жүрейік, жүрейік,<br>(саусақтармен үстел |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орталығын ұйымдастыру. Педагог балаларды алдын ала келісілген төрт топтың үстелдеріне отырғызады. Әр үстелге әртүрлі табиғи материалдардан жасалған әртүрлі қолөнер бұйымдарын қояды. Дидактикалық ойын: "Күз аруының көйлегін безендір". -Жапырақтармен әрлеуді дағдыландыру. **4 жастағы балалар** Жапсырудан ойын-жаттығулар, "Бұтақтағы алмалар". -Балаларға алма мен жапырақ дайындамаларын қағаз бетіне жапсыруды үйрету. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) -Ұлттық қимылды ойындарды ойнату; ереже бойынша әділ ойнауға үйрету; дене координациясын, кеңістікті бағдарлау | қарсы алдындағы кеңістіктің "оң жақ", "сол жақ", "алды", арты" бағыттары жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру. "Қайда барсаң – соны табасың" дамытушы ойыны. -Балаға өзінің қарсы алдындағы кеңістіктің жақтарын тануды үйрету. Қимылды ойын "Ақ қоян". -Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: балалар шеңбер жасап тұрады да, бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. "Ақ қоян-ау, ақ қоян! Орныңнан тұрсаңшы, Шашыңды тарасаңшы, Бетіңді жусаңшы, Әдемі көйлек кисеңші. Шеңбердің шетін үзсеңші." Осы кезде қоян болған бала | қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасының шетіне шықпай салу тәсілдерін игерту. Түсті қабылдауды дамыту "Түсті таны және ата". -Түстерді атауды және бір-бірінен ажыратуды үйрету. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бес тас" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) -Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту; физикалық қасиеттерді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. | бетінде аяқтармен адымдар жасап жүргенді көрсету) Көкке қолмен сермейік, (саусақтармен, қанаттар қимылын көрсетіп, қолдарды төменнен жоғары көтеру) Күнге сәлем берейік, (алақандармен жоғарыда бұлғау) Шапалақтап, күлейік. (шапалақтау) **4 жастағы балалар** Мүсіндеуден ойын-жаттығулар. "Жемістер". -Балаларды жемістердің негізгі пішінін келтіруге үйрету; алма, алмұртқа тән ерекшеліктерді беру, бөлшектерді саусақтың және қырнауыштың көмегімен келтіре отырып, екі қолмен мүсіндеуге дағдыландыру; жұмыс кезінде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қасиеттерін дамыту; жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. | тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады, ал үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) | | қырнауышты дұрыс пайдалана отырып, қол бұлшықеттерін дамыту; заттың пішіні мен пропорциясына назар аудара отырып, негізгі ерекшеліктерін байқауға және атауға үйрету; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. «Жемістер мен көгөністер» сөздік эстафетасы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) -Балаларға жеміс пен көгөніс түрлерін ажыратуды үйрету, ортақ қасиеттері бойынша бөлу біліктерін жетілдіру. Құрал-жабдықтар: жемістер мен көгөністердің суреті салынған карточкалар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Қауіпсіздік. Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ексертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Апайдың сөзін тыңдайық,<br>Жамандықтан сақ болайық,<br>Қауіпсіздік ережелерін<br>Біліп жүріп орындайық.<br>Бейтаныс жағдай болса -<br>Жасырмай, айтайық. (Д.Ахметова) | | | | |
| **Серуен** | **Жыл мезгілдерінің өзгеруін бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>— Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін қалыптастыру ;<br>— әр мезгілдің өз ерекшеліктері туралы түсініктерін тиянақтау.<br>**Бақылау барысы**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Ақ киімді біреуі,<br>Сары киімді біреуі,<br>Көк киімді біреуі,<br>Әлем, жәлем киімі,<br>Тағы бірі жүреді. (жылдың төрт мезгілі)<br>Өлеңде не жайлы айтылған? (жыл мезгілдері туралы әңгімелеу)<br>Қазір жылдың қай мезгілі (күз жпйлы әңгімелеу) | **Күздің алғашқы белгілерін бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>— Жыл мезгілдерінің өзгеруі туралы түсініктерін молайту;<br>— Күздің алғашқы белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Қыркүйек»**<br>Ғ. Өкеев<br>Бір-біріне жер, аспан,<br>Мейірлене қарасқан.<br>Төкпей-шашпай тасып дән<br>Машиналар асыққан.<br>Ұстаз, шәкірт жүздескен,<br>«Қош келіпсіз күз» дескен.<br>Берекелі алтын күз,<br>Ұмытпаймыз салтын біз<br>Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. | **Гүл егілген клумбаны бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>— өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдерін тиянақтау;<br>— кейбір өсімдіктердің дәндерін шашып, құрап үлгергеніне көңіл бөлу;<br>— Күзде гүл ашатын гүлдермен (астра, настурция) таныстыру<br>**Бақылау барысы**:<br>**Көркем сөз:**<br>Кешкілік пе, күндіз бе,<br>Өсіп тұрған гүлді үзбе.<br>Туған жерді далаға,<br>Тастай алмай жүрміз бе?<br>Жайнап өсіп далада,<br>Көздің жауын ала ма?<br>Бірде бірін жұлғызба,<br>Қасындағы балаға**.** | **Тастарды бақылау**<br><br>**Мақсаты**: Тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды )<br>**Еңбек**<br>Ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау.<br>Мақсаты:<br>— Бірігіп жұмыс істеуге үйрету;<br>— Шығармашылық | **Итті бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>Жануарлар өміріне деген қызығушылықтарын арттыру, қиын жағдайда көмек беруге дайын болуға тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз**<br>Ей, адамдар, адамдар!<br>Айналаға қараңдар,<br>Зардап шегіп жатпасын,<br>Аш үйіңнің қақпасын,<br>Жануарлар қорғансыз,<br>Далада қалып қоймасын.<br>Балаларға сұрақтар.<br>Иттердің жақсы өмір сүруі, оның иесіне байланысты. Иттер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қыркүйек айының алғашқы күндері жылы болады. Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>**Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты:<br>орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Бәйге».<br>Мақсаты:<br>Тез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары**<br>**Қозғалыстарын қалыптастыру**<br>**Мақсаты: сапта жеңіл, бірқалыпты жүруге жаттықтыру.** | Ағаштарда ең алғашқы сары жапырақтар пайда болады. Жердегі шөптер сарғайып, гүлдер сола бастайды Үлкендер егіс даласындағы жиын-терін жұмыстарын аяқтауға, мал азығын мол етіп жинап алуға асығады.<br>**Зерттеу жұмысы:** Д/О: «Күзге ең алғашқы дайындалған ағашты тап» (қайың, көк терек)<br>Д/О: «Қайың мен теректің ең әдемі күзгі жапырағын тап»<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.<br>Мақсаты:<br>орындалған жұмыс нәтижесін көріп қуануға үйрету;<br>экологиялық мәдениеттерін тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Қуып жет».<br>Мақсаты: Тез жүкіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Жаттығу ойындары**<br>**Бөрене үстімен жүру**<br>Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру<br>**Мақал: Күз байлығы-ел ырысы.**<br>**«Кітап Оқу»** | **Балаларға сұрақтар:**<br>Гүлдерде күзде қандай өзгерістер болады?<br>Келесі жылыгүлдер өсіру үшін қазір не істеу керек?<br>Қандай гүлдер күзде гүлдейді?<br>**Зерттеу қызметі:**<br>Қураған гүлдерді алып, оның сабақтары мен дәндерін қарау**.**<br><br>**Д/О: «Суреттеу бойынша тауып ал»**<br>**Еңбек**. Гүлдер дәнін жинап алу.<br>Мақсаты: Балаларға келесі көктемнің қамын қазір ойлау керек екенін түсіндіру.<br>**Қ/О:** «Мені ата».<br>Мақсаты:ымдау және қимыл арқылы жанурлар бейнесін жасау қабылеттерін дамыту.<br>«Қояндар мен түлкі».<br>Мақсаты: тез жүкіру дағдыларын дамыту<br>**Жаттығу ойындары:** Бір-біріне доп лақтыру<br>Мақсаты: жылдамдықтары мен ептіліктерін дамыту | қиялын дамыту.<br>**Қ/О** «Ұшты-ұшты».<br>Мақсаты:<br>— Тәрбиешіні мұқият тыңдауға үйрету;<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалысты дамыту.<br>Мақсаты:допты нысанаға лақтыруға жаттықтыру<br><br>Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу **«Күзгі табиғат»** | әртүрлі тағамдармен тамақтанады. Олар ботқаларды, ірімшікті, сүтті жей береді. Иттер бәрінен де піскен етті жақсы көреді. Иттің тұқымы (түрлері) өте көп-неміс овчаркасы, тазы (аңшы ит), такса, пудель (бұйра жүнді ит), ротвеилер тағы басқа иттер. Олардың бәрінің бір-бірінен айырмашылығы бар. Иттер ақылды және зиінді. Есте сақтау қабілеттері өте күшті, есту қабілеті өте зор болады. Ол өзінің иесін еш уақытта еш уақытта қиын жағдайда далада қалдырмайды, өз иесіне сатқандық жасамайды.<br>Кейбір адамдар иттер мен мысықтарды далаға қуып жібереді. Ол кезде жануардың өмірі тозаққа айналады. Олардың ішер тамағы нашар, жылы орын жоқ, ешкім еркелетпейді, үй астындағы жертөледе, көшеде мекендеулеріне тура келеді. Олар суықпен аштықтан ауырады, өледі. Мұндай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Халық болжамы:**<br>**Жаз жауынды, күз жылы болса, қыс ұзақ болады.** | **- Мақсаты:** Жұптық оқу арқылы тіл дамыту.<br>**- Іс-әрекет:** Ата-ана баламен бірге балаларға арналған кітаптарды оқиды. Суреттерді қарап, оларды талқылайды, кейіпкерлердің эмоцияларына назар аударады. | | | адамдарды жүрексіз адамдар дейді. Сондықтан да үй жануарларын далаға тастамаңдар, оларға қамқор болыңдар!<br>**Еңбек.** Сынған ағаш бұтақтары мен жапырақтарды жинап қоқысқа апару.<br>Мақсаты. Бірлесе жұмыс істеу, мақсатқа жету.<br>Қ/О: «Біз көңілді балалармыз».<br>Мақсаты: Ойын шартын сақтап ойнауға баулу.<br>**Жаттығу ойындары**: Қозғалыстарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>Затты көлденең бағытта лақтыру тәсілін меңгерту;<br>Көз өлшемін, қозғалыс координатын, ептіліктерін дамыту.<br>**Тыйым сөз: Ит – жеті қазынаның бірі. Сондықтан оны өлтіруге, азаптауға, қаңғыртып жіберуге болмайды. Олай етсе, иесінің басына жаманшылық үйіріледі.** |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Қазан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған<br>(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.</td></tr>
<tr><td>Серуеннен оралу</td><td colspan="5">Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).</td></tr>
<tr><td>Түскі ас</td><td colspan="5">Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы</td><td colspan="5">Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)</td></tr>
<tr><td>Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).<br>Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),</td><td>Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі<br>Шығармашылық "Пеште тандыр нан</td><td>Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі<br>"Нені, қайдан алуға болады?" дидактикалық</td><td>Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі<br>"Ненің төлі жоқ?" дидактикалық ойыны.</td><td>"Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі<br>Сыңарын тап" дидактикалық ойыны.</td><td>Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі<br>"Кім тез жинайды?"</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары).** | пісіреміз". Ұжымдық жұмыс.<br>-Балалардың нанның қасиеті туралы білімдерін кеңейту; тандыр нан жөнінде ұғым беру; тандыр нанның дөңгелек пішінінің ерекшеліктеріне мән беріп, оның дайындалу жолдарын үйрету.<br>Саусақ жаттығуы. "Нан илейді Нұрай".<br>Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу)<br>Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру)<br>Томпаң-томпаң, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)<br>Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)<br>Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бірін-біріне айқастырып салу)<br>Жалпақтап. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | ойыны.<br>-Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.<br>Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>«Қаржылық сауаттылық». "Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, матерматика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>- Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен карауға тәрбиелеу, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету.<br>Қаржылық сауаттылықтың негіздері қалыптастыру; қалаған заттарды қаражатқа алмастыруға болатынын түсіндіру; көп, аз, тең туралы ұғымдарды бекіту. | -Үй жануарлары мен олардың төлдерін ажыратуды, жануарларға күтім жасауға, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны. (математика негіздері, қазақ тілі)<br>-Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол; құстарды дұрыс атай білу қабілеттерін қалыптастыру; қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>"Көңілді жаттығулар" ойын-жаттығуы. (математика негіздері, дене тәрбиесі)<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң- | (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Балалардың пішіндер туралы түсініктерін кеңейту.<br>Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Зертеу іс-әрекеті<br>-Күзгі ағаштардың діндерін зерттейді.<br>Сурет салудан жаттығулар. "Жаңа бояуды жасайық".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану; қауіпсіздік ережелерін ұстану.<br>Балалардың жаңа түстерді жасауға деген қызығушылығын арттыру. | дидактикалық ойыны.<br>-Көгөністер мен жемістерді айыра білуге, топқа бөле білуге, шапшаңдыққа баулу; тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу. (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>"Мен қайда қандай болдым?" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>- Балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін дамыту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға, ересектермен диалог құруға үйрету.<br>Балалардан қайда болғанын сұрау. Қандай ойынды ойнағанын, күн тәртібінде балабақшада, үйде не істегенін сұрау; ойынды, әрекетті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.<br>Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, тағам түрлерінің ойыншықтары, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Тақия тастамақ» ойыны. (дене тәрбиесі)<br>-Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу; қимыл шапшаңдығы мен жылдамдығын дамыту, зейінділікке, ұйымшылдыққа, ойын ережесін сақтап ойнауға тәрбиелеу. | сол. Өз дене мүшелеріне қызығушылықты арттыру. Зейінді, физикалық қасиеттерді дамыту.<br>Педагог сөзбен айтылған, бірақ көрсетілмеген тапсырманы мұқият тыңдап, орындауды ұсынады:<br>- Қол белде, басымызды жоғары көтеріп, төмен түсіреміз.<br>- Екі қолды оң мен солға жаямыз, бастан жоғары көтеріп, шапалақтаймыз.<br>- Қолдарды төмен түсіреміз, белге қоямыз; төмен отырамыз, қолды алға созамыз.<br>- Орнымыздан тұрып, қолдармен алдыда бір шапалақ ұрып, артта да шапалақ ұрамыз. | | атауға көмектесу. Ойнағанда бала қандай болғанын сұрау. Мысалы, көңілді, қуанышты; жылдам, шапшаң, баяу; әдепті, ақылды болды. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **беріледі.**<br>«Сиқырлы суреттер».<br>-балалардың логикалық ойлау қабілетін, еске сақтау, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі суреттердің қиылған бөліктері.<br>Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша суреттердің қиылған бөліктерінен сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.<br>Бақытжан Мансұр Тасқынұлы Дидактикалық ойын «Қуыршақты жина»<br>Міндеті: белгілі бір ретпен киіну және шешіну қабілетін бекіту. | **беріледі.**<br>Дидактикалық ойын. «Жеміс-жидектерді ажырат». (қоршаған әлеммен таныстыру)<br>- Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен ажырата білу, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Барысы: педагог әр баланың алдына көгөністер мен жеміс-жидектердің суреттерін таратады. Бала жеміс-жидектерді ғана жинап алуы керек. | **сәйкес беріледі.**<br>"Түрлі-түсті жолақтар" дидактикалық ойыны.<br>-Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Бақытжан Мансұр ТасДидактикалық ойын «Қарақшылардың қазынасын сұрыптаймыз»<br>Міндеті: көлемі, пішіні, түсі бойынша жақын біртекті заттарды топтастыру қабілетін жетілдіру<br>қынұлы | **беріледі.**<br>"Бір сөзбен ата" ойыны.<br>-Балаларға көгөністер мен жемістерді жалпылауды және оларды бір сөзбен атауды үйрету. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | **сәйкес беріледі.**<br>"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.<br>-Сөздік қорларын жеміс пен көгөніс атауларына толықтыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Бақытжан Мансұр Тасқынұлы<br>Дидактикалық ойын «Не істейді?»<br>Міндеті: заттарды және олармен жасалтын әрекеттерді тану, оларды сурет арқылы тану қабілетін жетілдіру. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау: "Жапырақтардың өзгерісі"**<br>**Мақсаты:** Жапырақтардың | **Бақылау: "Күннің күйі"**<br>**Мақсаты:** Ауа райын сезіну, күннің жылуы немесе салқын болуы | **Бақылау: "Бұлттарды бақылау"**<br>**Мақсаты:** Аспандағы бұлттардың қозғалысын | **Бақылау: "Құстарды бақылау"**<br>**Мақсаты:** Құстардың қозғалысын, олардың | **Бақылау: "Ағаштардың биіктігі"**<br>**Мақсаты:** Ағаштардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсі мен пішіндерін тану, күзгі өзгерістерді бақылау.<br>**Іс-әрекет:**Балалар ағаштардағы жапырақтардың түстерін бақылайды: жасыл, сары, қызыл және қоңыр жапырақтарды таниды. Педагог балаларға жапырақтың неге түсетінін және күз мезгіліндегі табиғаттың өзгерістерін түсіндіреді.<br>**Сұрақтар:**<br>«Жапырақтар қандай түстерге боялған?»<br>«Бұл жапырақтар қай ағаштан түсті?»<br>**Белсенділік:**<br>Жапырақтарды жинау, олардың пішінін қолдарымен сипалап сезіну, жапырақтармен ойындар ұйымдастыру.<br>**Өсімдіктерге күтім жасау**<br>**Мақсаты:** Балаларға өсімдіктердің күтімі туралы түсінік беру және табиғатқа деген сүйіспеншілік қалыптастыру.<br>**Іс-әрекет:**Балалар бөлмедегі немесе ауладағы өсімдіктерді суарады. Топтағы гүлдердің жапырақтарын сүртеді. Педагог балаларға судың | туралы түсінік беру.<br>**Іс-әрекет:**Балалар күннің қалай жылытып тұрғанын немесе ауа райының салқындығын сезіну үшін бетін күнге қаратады немесе желді сезінеді.Педагог балаларға «Күннің шуағы бізді қалай жылытады?» деген сұрақтар қояды.<br>**Сұрақтар:**«Бүгін күн жылы ма, әлде суық па?»<br>«Күн бізге не береді?»<br>**Белсенділік:**<br>Күнге қарап, оның қалай жарқырап тұрғанын бақылау, желдің күші мен ауа райының әсерін сезіну.<br>**Ойыншықтарды жинау және реттеу**<br>**Мақсаты:** Балаларды өз заттарына және ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға үйрету.<br>**Іс-әрекет:**Балалар ойнап болған соң, ойыншықтарды арнайы себетке немесе сөреге жинайды. Ойыншықтарды әртүрлі санаттарға бөлуге үйрету (мысалы, машиналарды бір жерге, қуыршақтарды басқа жерге қою).<br>**Құралдар:** ойыншықтар, | байқау, олардың түрлері мен пішіндерін тану.<br>**Іс-әрекет:**Балалар аспанға қарап, бұлттардың пішінін және олардың қалай қозғалатынын бақылайды. Педагог бұлттардың әртүрлі болатынын түсіндіреді: жұқа, қалың, ақ немесе қара бұлттар.<br>**Сұрақтар:**«Бұлттар қандай? Олар неге ұқсайды?»<br>«Бұлттар қайда қозғалып бара жатыр?»<br>**Белсенділік:**<br>Балалар бұлттардың пішінін елестетіп, «Олар неге ұқсайды?» деп айтады (мысалы, жануарларға, үйлерге ұқсайды деп елестету).<br>**Ауладағы жапырақтарды немесе қоқысты жинау**<br>**Мақсаты:** Балаларға қоршаған ортаны таза ұстауға үйрету.<br>**Іс-әрекет:**Балалар серуен барысында жерге түскен жапырақтарды немесе қоқыстарды жинайды. Педагог балаларға табиғатты қорғау және қоқыстарды жинаудың маңызын түсіндіреді. | дауысын тыңдау, құстардың түрлерін ажырату.<br>**Іс-әрекет:**Балалар серуен барысында құстардың даусын тыңдап, олардың қалай ұшып жүргенін бақылайды<br>Педагог құстардың атауларын атап, олардың табиғаттағы рөлі туралы әңгімелейді.<br>**Сұрақтар:**«Қандай құстарды көрдік?»<br>«Құстар қалай ән салады?»<br>**Белсенділік:**<br>Құстардың дауысын еліктеу, құстардың ұшуын бейнелеп ойнау (қолдарын жайып, құстар секілді жүгіру).<br>**Құстарды немесе жануарларды күту**<br>**Мақсаты:** Балаларға жануарларға қамқор болуды үйрету.<br>**Іс-әрекет:**Балалар балабақшаның ауласында құстарға жем шашады немесе аквариумдағы балықтарға жем береді. Педагог құстардың немесе жануарлардың қалай тамақтанатынын және оларға қалай қамқор болу керектігін түсіндіреді. | биіктігін, олардың жапырақтары мен діңін зерттеу.<br>**Іс-әрекет:**Балалар ағаштардың діңіне қарап, олардың биіктігін бағалайды.Педагог ағаштардың қалай өсетінін түсіндіреді. Балаларға ағаштың жасыл жапырақтары мен олардың пішіндерін көрсету.<br>**Сұрақтар:**«Ағаш биік пе, әлде аласа ма?»<br>«Жапырақтар қандай пішінде?»<br>**Белсенділік:**<br>Ағаштардың айналасында жүру, олардың жапырақтарын жинау және жапырақтардың пішіндерін талдау.<br>**Құммен және сумен ойнау**<br>**Мақсаты:** Балалардың ұсақ моторикасын дамыту және еңбекке қызығушылықты арттыру.<br>**Іс-әрекет:**Балалар құмда немесе суда арнайы ойыншықтармен ойнап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өсімдіктер үшін маңызды екенін түсіндіреді және өсімдіктердің қалай өсетінін көрсетеді.<br>**Құралдар:** кішкентай су құйғыштар, майлықтар. | ойыншықтарды жинайтын себеттер | **Құралдар:** кішкентай қапшықтар, қолғаптар. | **Құралдар:** құс жемі немесе балықтарға арналған жем. | құмнан әртүрлі пішіндер жасайды. Ойнап болғаннан кейін, балалар жұмыс орнын жинайды, құралдарды жуып, сөреге қояды.<br>**Құралдар:** құм және суға арналған ойыншықтар. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Дамытушы орталарда: Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>- Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br>(коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>-Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>-Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, | | | | |

| | |
|---|---|
| | ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).<br>Күні бойы жасаған еңбегін мақтап, «сенің қолыңнан бәрі келеді» деңіз.<br>Кеңес. "Саусақ жаттығулары".<br>Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Қазан айы 2025 жыл 3 апта**

**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (13.10.2025 – 17.10.2025 жыл 3 апта)
Тәрбиешілер: Бекенова Г.К., Утепбергенова К.М
**Тәуелсіздіктің жүгі ауыр.**
Дінмұхамед Қонаев

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 13.10.2025 ж | Сейсенбі 14.10.2025 | Сәрсенбі 15.10.2025ж | Бейсенбі 16.10.2025ж | Жұма 17.10.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. “Көңіл күй” (тіл дамыту, музыка) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. мультфильмді қосып қарсы алу. “Көңіл күй” | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретеміз?" Ата-аналарға кеңес беру. | «Отбасының саламатты өмір салтын сақтауға бағытталған дәстүрлері». Сұрақ-жауап. | Психолог кеңесі. «ЖРВИ кезінде қоғамдық орындарда балалар өздерін қалай ұстау керек?» | «Саламатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарында әңгіме жүргізу. | Ата-аналарға кеңес беру. "Өрт қауіпсіздігі". |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету ниеттерін қолдау; ұқыпталыққа тәрбиелеу.<br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Балаларға өз қолдарынан келетін еңбек түрлері туралы әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды және тағы басқа туралы естеріне салып отыру.<br>"Мен кіммін? Бұл кім?" жаттығуы. (тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>-"Мен" бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету; ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Өсімдіктерді суару». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Көркем сөзді мәнердеп оқу жаттығуы. (сөйлеуді | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек тапсырмалары: «Асханадағы көмекшілер». (қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>Балаларды тамақ ішерде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктерін жетілдіру.<br>Ө. Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңінің | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие». Қауіпсіздік. Еңбек тапсырмалары: «Аквариум балықтарын коректендіру». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)<br>Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға баулу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)<br>«Кішкене тоқаштар» музыкалық-дидактикалық ойыны.<br>-Балаларға заттарды ортақ белгілеріне қарай топтастыруды үйрету.<br>Құрал-жабдықтар: «тоқаштар» мен «нан өнімдері» карточкалары (немесе бетперде), көңілді әуеннің аудиожазбасы.<br>Ойын шарты.<br>Педагог балаларды екі топқа бөледі, ортаға 10 баладан шығады.<br>Педагог 5 балаға нан өнімдерінің карточкасын таратады, ал 5 балаға тоқаштардың карточкасын таратады.<br>Балалар көңілді әуенге билеп жүреді, әуен тоқтағанда «тоқаштар» бір топқа, ал қалған «нан өнімдері» бөлек топқа жиналады. | және толық жауап беруге ынталандыру.<br>Балаға өзі бала деп айтқызу.<br>Атын, жасын айтқызу.<br>Ойыншығын көрсеткізу, атату.<br>Жанындағы баланың атын, онымен ойнайтынын айтқызу.<br>"Апта күндері" дидактикалық ойыны.<br>- Апта күндерін атап, еске сақтауды үйрету; қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі) | дамыту және көркем әдебиет)<br>-. Мәнерлі үзінділерді қайталауға, тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.<br>"Бауырсақ"<br>Жеп көрмесең болмайды,<br>Үйдің дәмін сағынсақ.<br>Қақтырады таңдайды<br>Майға піскен бауырсақ.<br>«Бауырсақ кімнен қашты?» қимылды ойыны (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету.<br>«Бауырсақ» ертегісініндегі кейіпкерлердің сөздерін еске түсіру, ойлау, еске сақтау, сөйлеуді, қимыл шапшаңдығын дамыту.<br>Балалар алаңға шеңбер құрып тұрғызылады.<br>Барлық балаға Бауырсақтың маскасы кигізіледі. Балалар | сюжетін сахналау.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету.<br>Нан өнімі туралы балалардың білімдерін нақтылау, пысықтау; мәнерлеп сөйлеу, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту;<br>шығармашылыққа, нанды құрметтеу сезіміне тәрбиелеу.<br>Өтебай Тұрманжанов<br>«Қайдан келдің, бауырсақ?»<br>Дастарқанда шашылып,<br>Жатты аппақ бауырсақ.<br>Бауырсаққа қызығып,<br>Қарап тұрды көзін сап:<br>Қайдан келдің, бауырсақ? –<br>Деп сұрады қуыршақ.<br>– Дүкеннен келдім нан сатқан, –<br>Деді оған бауырсақ.<br>– Дүкенге келдің қай жақтан? | қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың балықтарға қорек өнімдеріне аллергиясын анықтау, қауіпсіздікті сақтануды қамтамасыз ету.<br>"Нан дастарқанға қалай келеді?"<br>- Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу;<br>диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>"Балабақша ережесін сақтау" тақырыбында әңгімелесу.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балабақшада өзін дұрыс ұстау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | «Бауырсақ» ертегісіндегі кейіпкерлердің диалог сөздерін айтады.<br>Құралдар: «Бауырсақ» ертегісіндегі кейіпкерлердің бетперделері. | – Наубайдан келдім нан жапқан.<br>– Наубайға келдің қай жақтан?<br>– Диірменнен келдім ұн тартқан.<br>– Диірменге келдің қай жақтан?<br>– Даладан келдім кең жатқан.<br>– Жер-анам менің көсілген,<br>Диқандар мені өсірген.<br>Сахналаудың соңында педагог балалардан нанның қайдан келетінін тағы да сұрай алады. | ережелері туралы әңгімелесу. (тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Гигиеналық дағдылар. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге | | | | |

| | |
|---|---|
| | үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аудару орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>**3 жастағы балалар**<br>-Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді жүруге үйрету және допты лақтыру, қағып алу дағдысын жетілдіру.<br>"Чемпион" қимылды ойыны.<br>-Балаларға еңіс тақтайдың үстімен жүруді үйрету. | **Музыка**<br>**3 жастағы балалар**<br>"Дастарқан көркі — нан"<br>-Балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілеті мен музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту. Балаларды достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру. | **Дене тәрбиесі**<br>**3 жастағы балалар**<br>-Балаларды педагогтің белгісі бойынша аяқтың ұшымен және өкшемен жүру, жүгіру, жүгіріп келе жатып жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру, шеңбер құрау қабілеттерін жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді түрде жүру, допты лақтыру және қағып алу дағдыларын дамыт | **Қазақ тілі**<br>**3 жастағы балалар**<br>"Алтын күз". Жыл құстары".<br>- Қазақ тілін түсінуге, "күз" сөзін қолданып, септік жалғауларын өзгертуді, қарапайым сөз тіркестерін құрауды, құстардың атын атау дағдыларын жаттықтыр | **Дене тәрбиесі**<br>**3 жастағы балалар**<br>-Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру дағдыларын жетілдіру; бөрененің үстімен сенімді түрде жүру; допты лақтыру және қағып алу дағдыларын бекіту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Допты қақпаға дәлдеп домалату".<br>-Балаларды сапта денесін тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға жаттықтыру. | **4 жастағы балалар**<br>**Музыка**<br>-Балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілеті мен музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту. Балаларды достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру. | **4 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Епті баламыз".<br>Балаларға табан мен алақанға сүйеніп төрттағандап еңбектеуді үйрету. | **4 жастағы балалар**<br>**Қазақ тілі**<br>"Сиқырлы бауырсақтар".<br>Ыдыстар.<br>-Балаларды "Сиқырлы бауырсақтар" әңгімесі, бауырсақтың дайындалу ретімен таныстыру; нан туралы түсініктерін дамыту; ыдыстың жана түрлері, олардың қолданысымен таныстыру.<br><br>**Музыка**<br>**4 жастағы балалар**<br>"Тәтті нан".<br>-Балалардың музыканы тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдағанда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру | **4 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Мергендер жарысы".<br>-Балаларға саптағы орындарын өзгертіп қайта тұруды; 2–3 м қашықтықтан алға ұмтыла екі аяқпен секіруді үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3 жастағы балалар**<br>Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар<br>"Еркежан әжей нан пісірді" атты суреттер сериясы бойынша әңгімелеу.<br>-Балаларда нан туралы қарапайым ұғымдарды қалыптастыру, нан тақырыбына қатысты қарапайым фразаларды педагогтің соңынан қайталап айтуға жаттықтыру; ойындар барысында қарапайым диалогтарға, сұраққа жауап айтып, қатысуға үйрету.<br>"Сен не істедің?" сөздік жаттығуы.<br>-Нан өнімдері түрлерін танып, қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету<br>**4 жастағы балалар**<br>Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Таба нан".<br>- Балаларды әңгіме мазмұнымен таныстыра отырып, нанның қасиеті | **3 жастағы балалар**<br>Математика негіздерінен ойын-жаттығулар<br>"Әженің бауырсақтары".<br>- Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін ажырату, дене мүшелерінің орналасуын суреттеу, оларды өз бойынан (денесінен) табу іскерліктерін қалыптастыру; кеңістікте бағдарлау, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ой-өрісін дамыту.<br>**4 жастағы балалар**<br>Математика негіздерінен ойын-жаттығулар.<br>"Сарқытты тең бөлейік".<br>-Балалардың ұғымындағы бес саны туралы ұғымдарын қалыптастыру; сандарды заттардың көлемі мен түрлеріне емес, жиынына ған байланысты болатынын түсіндіру.<br>Дамытушы жаттығу.<br>"Сарқытқа үш табақ."<br>- Заттарды түріне қарай топтастыруды үйрету.<br>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. | **3 жастағы балалар**<br>«Қаржылық сауаттылық». Ақша жинайтын сандықшалармен (копилкалармен) таныстыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері)<br>- Балаларға негізгі экономикалық ұғымдарының бірі, жинақтау құралы ретінде ақша жинайтын сандықшалармен таныстыру; «бір», «көп» ұғымдарын ажыратуға көмектесу; қоғамдық орындардағы мінез — құлық ережелерін сақтауға тәрбиелеу.<br>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар<br>"Ақ бидай".<br>-Балаларды бидаймен таныстыра отырып, бидай дақылын өсіру туралы түсініктерін кеңейту; бидай жайлы білім беруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін | **3 жастағы балалар**<br>Сурет салудан ойын-жаттығулар<br>"Тандыр нан".<br>-Фломастерді үш саусақпен ұстап, тандыр бейнесінде алдын ала салынып қойған шағын дөңгелек үстін тіке және көлденең сызықтармен, шақпақ етіп, дөңгелек сырты аясын ұсақ дөңгелектер арқылы безендіру техникасын жаттықтыру; элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көзбен пішін мен түстерді қабылдау, зейін мен елестету қабілетін дамыту.<br>Саусақ жаттығуы "Нан илейді Нұрай".<br>Нан илейді Нұрай, (саусақтарды | **3 жастағы балалар**<br>"Бауырсақ" ертегісін сахналау. (көркем әдебиет)<br>-Ертегі мазмұның балалардың естеріне түсіріп, сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалау. Тіл байлықтарын дамыту. Театр өнеріне машықтандыру, дауыс ырғағын өзгерте отырып, кейіпкерлердің дауысына сала білуге үйрету.<br>**4 жастағы балалар**<br>Бақылау жаттығуы.<br>"Дақылдарды таны және ата".<br>- Дәнді дақылдарды бір-бірінен ажыратуды, олардың атауларын білуді үйрету.<br>Құрастырудан ойын-жаттығулар.<br>"Бидай масағы".<br>-Балаларға "Масақ" украин халық ертегісіндегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен бидайдың өзіндік ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; әңгімені тыңдау кезінде нанның қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдады үйрету.<br>Дидактикалық ойын.<br>"Нан қалай пайда болады?"<br>-Сюжетті суреттерді рет-ретімен орналастыруды үйрету.<br>Көркем сөзді мәнерлеп оқу жыттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, есте сақтап, мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>"Таба нан".<br>Жұрт қызығып қараған,<br>Жақсы көрген әр адам,<br>Жарық күндей ып-ыстық<br>Табадағы таба нан. | "Бауырсақ".<br>-Балаларды бауырсақ пен нан өнімдерімен таныстыра отырып, нанның бидай дақылынан пайда болатыны туралы түсініктерін кеңейту.<br>Дидактикалық ойын.<br>"Бауырсақ қалай дайындалады?"<br>-Бидайдан нан жасау үшін қанша көп еңбек етілетінін түсіндіру, сурет бойынша әңгіме құруды үйрету, сөздік қорды кеңейту | қалыптастыру; бидай өсімдігінің қасиеті мен маңызы жөнінде мағлұмат беру; «Ас атасы – нан» ұғымын бекіту.<br>"Қандай тағам?" дидактикалық ойыны.<br>-Тағам түрлерін танып, қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету.ы дағдыландыру<br>**4 жастағы балалар**<br>Қаржылық сауаттылық».<br>«Ақша жинақтайтын сандықша» дидактикалық ойыны.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)<br>-балалардың ақша туралы түсініктерін кеңейту; 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту; реттік сан есімдерді, сандарды реті бойынша атау; «қанша?», «барлығы қанша?», «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету; ұқыптылыққа, | жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу)<br>Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру)<br>Томпақ-томпақ, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)<br>Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)<br>Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бір-біріне айқастыру)<br>Жалпақтап<br>.**4 жастағы балалар**<br>Сурет салудан ойын-жаттығулар.<br>"Алтын бидай алқабы".<br>-Балаларға бидай алқабы көрінісін салуды үйрету; бидай масақтарын бор және саусақтарды басу арқылы салу техникасын игерту; адамның бидай өсірудегі еңбегі туралы білімдерін тиянақтау. | масақты оригами әдісі бойынша құрастыруды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | үнемділікке тәрбиелеу. Материалдар: ақша жинайтын сандықша, монеталар.Барысы: балаларға монеталар мен жинақ сандықша ұсынылады. Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады, дұрыс жауап берген балаға монета беріледі, оны жинақ сандықшаға салады. Жұмбақтардың шешуін тауып болғаннан кейін балалар жинақ сандықшадағы монеталарды санайды.<br>Отбасы туралы санамақты мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ айту өнеріне баулу, қызығушылықты арттыру; көркем сөзді ырғаққа сай мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Бір үйде біз нешеуміз? | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Кел, санайық екеуіміз.<br>Бас бармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – шешем,<br>Ортан терек – ағам.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз. | | |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Қауіпсіздік. Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ексертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Апайдың сөзін тыңдайық,<br>Жамандықтан сақ болайық,<br>Қауіпсіздік ережелерін<br>Біліп жүріп орындайық.<br>Бейтаныс жағдай болса -<br>Жасырмай, айтайық. (Д.Ахметова) | | | | |
| **Серуен** | **Қазан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған**<br>**Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» | | | | |

<table>
<tr><td>Түскі ас</td><td colspan="5">Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру</td></tr>
<tr><td>Күндізгі ұйқы</td><td colspan="5">Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)</td></tr>
<tr><td>Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</td><td colspan="5">Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары).</td><td>(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі<br>Құрастырудан ойын-жаттығулар<br>"Еркежан әжейдің түрлі бауырсақтары".<br>Балаларды құрастыру материалы қағаз қасиеттерімен, жұмырлау, илеу амалдарымен</td><td>(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі<br>"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>-Балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін бекіту; ойларымен бөлісуге үйрету;</td><td>(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі<br>Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана". (қоршаған әлеммен таныстыру)<br>-Балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік</td><td>(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі<br>STEAM Art.<br>«Геометриялық фигуралардан суретті жина» ойыны (математика негіздері, құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-балалардың шығармашылық қиялын,</td><td>(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі<br>"Қуыршақ бөлмесін жасаймыз" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Жиһаз және оның</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыру; қағаз бөлігін жыртып алып, саусақтармен жұмырлап, алақандар арасына түйіршіктеп, айналдырып, илеп, шарлар тәрізді денелерді, бауырсақтарды жасап шығаруды үйрету. Құрылыс нәтижесімен ойнату.<br>«Бауырсақтың жолы» дамытушы жаттығуы.<br>-Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету. Балаларды ертегі мазмұнын естерінде қайта жаңғыртуға ынталандыру. Бауырсақтың үйінен шыққан жолын, жолда кездескен аңдарға дейін жүргізіп шығуды үйрету. Құрал-жабдықтар: «Бауырсақтың жолы» атты карточкалар (үй, қоян, қасқыр, аю, түлкі бейнеленген сурет), түсті борлар. | ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту. Барысы.<br>Педагог барлық жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды өз жауаптарын бір сөзбен ғана емес, сондай-ақ құбылыстың не себепті болғанын түсіндіру.<br>"Тоқаштар".<br>-Тоқаштардың бояу. (сурет салу)<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Ұлттық ойын. Көтермек (дене тәрбиесі)<br>-Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігін, ептілікт дамыту.<br>Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен біргекүш сынасады. | ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері).<br>Мүсіндеу. "Тәтті тоқаштар".<br>-Сазбалшықтан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу; бөлу, дөңгелектеу тәсілдерін пайдалана отырып, азық-түлік түрлерін (тоқаштарды) мүсіндеуге үйрету. | ойлауын, зейінін, жазықтыққа бағдарлануын дамыту; геометриялық фигуралардан әртүрлі бейнелерді құрауды, оларды бір сюжетке біріктіруге жаттықтыру; достарына өз жұмысы туралы айтуға, шағын әңгіме құрастыруға итермелеу; табандылыққа, жүйелілікке тәрбиелеу.<br>Құрал–жабдықтар Геометриялық фигуралар жинақтары.<br>«Қаржылық сауаттылық». "Дүкен" сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>- Тауар мен қаражат алмасу, әрекеттерін игерту; барлық нәрсенің құны және бағасы бар болғаны туралы түсіндіру; еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайылыққа, ізгілікке, адалдыққа баулу. | мақсаты туралы білімді бекіту.<br>Құрал-жабдықтар: балалар жиһазының заттары.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші балаларға:<br>- Алуа қуыршағына жаңа жиһаз сатып алды, бірақ ол оны бөлмеге қалай қою керектігін білмей тұр. Оған жиһаз қоюға көмектесейік. Тәрбиеші балалармен бірге үстелді ортаға қояды. Үстелдің қажеттілігі туралы, балалардан сұрайды. Мысалы, "Бұл үстел, біз оны бөлменің ортасына қоямыз. Қуыршақ үстел басында тамақтанатын болады. Орындықты үстелдің жанына қою керек, ол оған отырады. Осылай әр жиһаздың қажеттілігін балалар айтып береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қажетті құралдар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, тағам түрлерінің ойыншықтары, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер. | «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Қарақұлақ» ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет) -Балаларға бірлесіп ойын ойнауды, ойын ережесін сақтауды үйрету. Жылдам, шапшаң, епті болуға тәрбиелеу. Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі қарай кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап келіп, бірте-бірте оған жақындай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | түседі. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Мынау қай пішін?»<br>-Геометриялық пішінді қолмен сипап анықтау арқылы айту.<br>Көрнекілік: картоннан жасалған геометриялық пішіндердің 5 түрі.<br>Барысы: бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап көреді, заттың атын дауыстап атайды.<br>(математика негіздері)<br>Диасқызы Ұлпан<br>Қимылды ойын «Тышқандарға туннельдер»<br>Міндеті: шектеулі жазықтықта, әртүрлі заттардың астында еңбектеу қабілетін жетілдіру. | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Мақал мәтелдер».<br>-Айтылған мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Артикуляциялық жаттығу.<br>«Кім, қалай дыбыстайды?»<br>(баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту)<br>- А, аа, аа, а, а, аааааа ... ... (қуанышты дауыспен).<br>- Ааа, аа, а, а, ааа ... ... (аянышты дауыспен).<br>- А, аа, аааа, а, ааа ... ... (таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз. Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Диасқызы Ұлпан<br>Дидактикалық ойын «Сиқырлы дорба»<br>Міндеті: заттарды түсі, көлемі, формасы бойынша өз бетінше зерттеу және | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Артикуляциялық жаттығулар. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. | **3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Жұмбақ жаттау. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Жұмбақтардың шешімін табу. Әр жұмбақтың суреттері болу керек.<br>Диасқызы Ұлпан<br>Дидактикалық ойын «Аюмен қайталамақтар»<br>Міндеті: педагогтің көмегімен өлеңдер мәтінін толығымен қайталау қабілетін бекіту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | салыстыру қабілетін жетілдіру. | | |

| | |
|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) |
| **Серуен** | **Қазан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған**<br>**Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)** |
| **Кешкі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Дамытушы орталарда: Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.<br>(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>-Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>-Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей |

| | |
|---|---|
| | заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>- Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).<br>Күні бойы жасаған еңбегін мақтап, «сенің қолыңнан бәрі келеді» деңіз.<br>Ата-аналарға арналған сауалнама.<br>"Отбасындағы саламатты өмір салтының шарттары". |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Қазан айы 2025 жыл 4 апта**

**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар
**Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету):** 20.10- 24.10.2025ж.
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (20.10.2025 – 24.10.2025 жыл 2 апта)
Тәрбиешілер: Бекенова Г.К., Утепбергенова К.М
**Атаңның баласы болма, адамның баласы бол.**
Абай Құнанбайұлы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 20.10.2025 ж | Сейсенбі 21.10.2025 ж | Сәрсенбі 22.10.2025ж | Бейсенбі 23.10.2025ж | Жұма 24.10.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) мультфильмін қосып қарсы алу. «Қайырлы таң» (қарым-қатынас іс- | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) мультфильмін қосып қарсы алу. «Қайырлы таң» (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Балаларды күймен қарсы алу. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) дамытушы мультфильмін қосып қарсы алу. «Қайырлы таң» (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеті, музыка) | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | "Отбасымен серуендеу" тақырыбында көрме ұйымдастыру. | Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру. | "Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру. | "Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу. | "Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті суқұйғышпен суаруды көрсету.<br>«Менің Қазақстаным»<br>Қазақстан Республикасының Гимнін орындау.<br>-балалардың патриоттық тәрбиесін қалыптастырады. (музыка)<br>Әтеш (қораз) | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: «Топтың ішін ретке келтір».<br>-Балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарғы ойыншықтар мен құралдардың ретсіздігін байқап, тазалық орнатуға қатыстыру; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.<br>«Балапандарды құс қорасына жинайық» ойыны.<br>-Үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу. сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?» Құстар әлемі туралы бастапқы | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>Балапан ойыншығымен ойнату.<br>-Балаларға көркемсөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; балапанның тауықтың баласы екені туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>- Балапаным, балапан, Қайда кеттің ауладан? | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.<br>Пішін салғыш ойыншықпен ойын.<br>«Тауық» (сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>-Баланың ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Пішіндер шашылып қалды, | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, аспидистраның жапырақтары жалпақ және үлкен, ұстағанда жұқа және тегіс болуын бақылау.<br>(еңбек дағдылары)<br>Пирамида жинау ойыны. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет, құрастыру)<br>-Қарапайым пирамиданы үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыруға, ойнауға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншығымен ойнату.<br>-Балаларға көркемсөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуге, эмоционалды жауап беруге ынталандыру.<br>Д. Ахметова «Қораз».<br>Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) | түсініктерді қалыптастыру.<br>Баланың өз ойыншығын «балапан» деп атап, (басқа баланың қасында отырғанда немесе онымен бірге) ойыншықты үстел үстіне жүргізіп, «құс қорасына» кіргізуге ынталандыру; алғашқы әлеуметтік қатынасу қабілеттерін қалыптастыру.<br>Педагог балаға балапан ойыншығын беріп, құрылыс материалдарынан немесе лего материалдарынан жасалған «құс қорасына» кіргізуді ұсынады. Балалар балапан ойыншығын атап жатады.<br>Балапан ойыннан шаршады,<br>Балапанның қарны ашты.<br>Не айтамыз балапанға?<br>– Анаң күтіп қапты,<br>Бас аяқты!<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, қолдың ұсақ моторикасын дамыту) | Суға бірге барайық,<br>Саған бидай шашайық!<br>Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ,<br>Қанатыңды соқ-соқ-соқ.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) | Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға сай салайық.<br>– Тауықтың ішіне не жасырылған?<br>– Қандай пішіндерді жинап алған?<br>"Торғай" саусақ жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар. | мүмкіндік беру.<br>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Кім пирамиданы шашқан,<br>Сақинаны ойнап басқан,<br>Өткір тырнақтарын бүріп,<br>Домалатып, айдап қашқан?<br>Доптарды домалату» қимылды ойыны.<br>-Балаларға отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалатуды үйрету.<br>Балалар ойынды ұйымдасып ойнайды.<br>(дене тәрбиесі) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | «Балабақша» |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Гигиеналық дағдылар. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| | **Дене тәрбиесі**<br>**3 жастағы балалар** | **Музыка**<br>**3 жастағы балалар** | **Дене тәрбиесі**<br>**3 жастағы балалар** | **Қазақ тілі**<br>**3 жастағы балалар** | **Дене тәрбиесі**<br>**3 жастағы балалар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | "Торғай секіреді".<br>-Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруге үйрету және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру. | "Торғай".<br>-Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін және зейінін дамыту; музыка әуенімен би қимылдарын үйлесімді орындауға дағдыландыру.<br>"Тоқылдақ" ойыны.<br>-Әуеннің ырғағын тыңдауды, байқампаздыққа дағдыландыру. | "Екі аяқпен секіреміз".<br>-Балаларды әртүрлі бағытта жылдам және баяу қарқынмен жүгіру дағдысын қалыптастыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін жетілдіру; балаларды алға жылжи отырып, екі аяғымен секіруді үйрету. | "Күзгі жаңбыр".<br>- Қазақ тілінде жаңбыр түрлерінің атауларын атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен жаңбырдың жауғанын, жапырақтардың түсуін білдіретін сөз тіркесін құрауды үйрету. | "Торғай секілді секіреміз".<br>-Балалардың бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру іскерліктерін жетілдіру; алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және допты аяқпен қысып ұстап, отырып-тұрып домалату дағдыларын бекіту. |
| | **4 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>«Аттап жүгірейік».<br>-Балалардың заттардан аттап жүру дағдыларын жетілдіру; өткен тақырыпты қайталау; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыту; заттардан аттағанда қимыл ептілігін | **4 жастағы балалар**<br>**Музыка**<br>«Күз сыйлаған топ-топ».<br>- Балаларға тұлпар туралы әнді тыңдатып, оның сыр-сипаты туралы түсінік беру; кейіпкерлер арқылы музыкалық шығарманың мағынасын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру.<br>«Менің балапандарым қайда?» дидактикалық ойыны. | **4 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>«Торғай секіреді».<br>-Балаларға заттардың үстінен екі аяқпен секіруді үйрету; заттардың үстінен екі аяқпен секіру жаттығуын жасау кезінде қимыл белсенділігін қалыптастыру; заттардың үстінен екі аяқпен секіру дағдыларына жаттықтыру. Заттардың үстінен екі аяқпен секіре білу дағдыларын дамыту; | **4 жастағы балалар**<br>**қазақ тілі**<br>«Көлдегі үйректер».<br>-Балаларға үйрек туралы ұғым бере отырып, сөйлеу тілін, үй құстарын эмоциялық қабылдауын дамыту.<br>«Үйректің суретін салайық» дамытушы жаттығуы.<br>-Үйректің суретін салуды үйрету. Зейін, есте сақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту. | **4 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>«Көңілді секірейік!»<br>-Педагог балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру үшін шабыттандыратын сөздерді пайдаланады: «Торғайға ұқсап көңілді секірейік!», «Бәріміз епті баламыз!», «Бәрекелді!», «Жарайсыңдар!» сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | отырып, көгөністер мен жемістерді, мүсіндеуге үйрету.<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Қарақұлақ» ойыны. (дене тәрбиесі, қазақ тілі)<br>-ойнауды, ойын ережесін сақтауды үйрету. Жылдам, шапшаң, епті болуға тәрбиелеу.<br>Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі қарай кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап келіп, бірте-бірте оған жақындай түседі. Қазыққа таяп келіп: «Мынау кім?» - деп, бір-бірінен сұрасады. Балалардың біреуі: «Ой, бұл қарақұлақ қой!» - деп, алысқа қаша жөнеледі. Қалғандары | Үш дегенім - үскі,<br>Төрт дегенім - төсек,<br>Бес дегенім - бесік,<br>Алты дегенім - асық,<br>Жеті дегенім - желке,<br>Сегіз дегенім - серке,<br>Тоғыз дегенім - торқа,<br>Он дегенім - торқа,<br>Он дегенім - оймақ,<br>Он бір қара жұмбақ.<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойындары. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>-і. Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу; шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру. | оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру.<br>"Төртіншісі артық" танымдық ойыны.<br>-Жемістер мен көгөністерді тануға, жіктеуге, байқампаздыққа дағдыландыру.<br>"Бауда, әлде бақшада?" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Балаларға көгөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету. | үстінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру.<br>«Қаржылық сауаттылық».<br>"Көгөністер дүкені" сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-балалардың сатушы мамандығы туралы білімдерін бекіту. Қаржылық сауаттылықтың негіздері қалыптастыру; қалаған заттарды қаражатқа алмастыруға болатынын түсіндіру; көп, аз, тең туралы ұғымдарды бекіту. Балалардың ойынға қажетті құралдарды пайдаланып, дүкен ойынын ойнау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | оның сөзін қайталап, жан-жаққа бытырай қашады. Қарақұлақ біреуін ұстап алмақ болып, балаларды тұра қуады. Ұсталған бала қарақұлақ болып, ойын әрі қарай жалғасады. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>"Жомарт Күз" (суретті қарастыру)<br>-Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. | Әңгіме құрастыру "Табиғат". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-. Баланың сөздік қорын табиғаттағы ерекшеліктердің атауларын білдіретін сөздермен байыту. | "Ғажайып қапшық" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>-Суреттерді қарастыруда алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| | **"Табиғатпен сәлемдесу"**<br>**Мақсаты:** Балаларға табиғаттың әсемдігін түсіндіріп, оны бағалай | **Табиғат аясындағы бақылау және танымдық әңгіме**<br>**Мақсаты:** Балалардың | **Серуен: "Күзгі орман"**<br>**Мақсаты:** Күзгі табиғатты бақылау, жапырақтардың түстерін ажырату және | **"Құстарды бақылау"**<br>**Мақсаты:** Құстар туралы түсінік беру, олардың дауыстарын тыңдау және | **"Ағаштар әлемі"**<br>**Мақсаты:** Ағаштардың түрлерін тану, олардың жапырақтары мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білуге баулу.<br>**Қимыл:** Педагог балаларды табиғатқа шығуға дайындап, оларды серуенге шақырады. Әр бала табиғатпен амандасып,ағаштарға, гүлдерге, құстарға «Сәлем!» деп айтады. Бұл жаттығу арқылы балалар табиғатпен байланыс орнатып, оны қорғауға ынталанады.<br>**Қауіпсіздік ережелерін қайталау:**Балаларға серуен кезінде қалай жүру керек, қоршаған ортаға қалай мұқият болу керектігі туралы ережелер түсіндіріледі.<br>**(Экологиялық тәрбие, еңбек және дидактикалық ойындар)**<br>**1. Экологиялық тәрбие: "Табиғатты қорға"**<br>**Мақсаты:** Балалардың табиғат туралы білімін кеңейту және оны қорғауға баулу.<br>**Қимыл:** Балалар серуен кезінде өсімдіктер мен жануарлар туралы әңгімелейді. Мұғалім оларға ағаштар, гүлдер, шөптер және жануарлар туралы мәліметтер береді. | табиғатқа деген қызығушылығын арттыру, өсімдіктер мен жануарлар туралы білім беру.<br>**Экологиялық іс-әрекет: Табиғатқа қамқорлық жасау**<br>**Мақсаты:** Табиғатқа сүйіспеншілік пен қамқорлықты қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау.<br>**Іс-әрекет:**<br>Балалармен бірге ауладағы немесе серуен алаңындағы қоқыстарды жинау. Оларға қоқысты дұрыс сұрыптауды үйрету: қағазды, пластикті және шыныны бөлек жинау. Бұл балалардың жауапкершілік сезімін оятады<br>**Құралдар:** Қолғаптар, қоқыс жәшіктері. | желдің қалай соғатынын сезіну.<br>**Бақылау:**<br>Балаларды күз мезгіліндегі табиғаттың өзгерістерімен таныстыру.<br>Жапырақтардың түстері өзгергенін, олардың ағаштан түсуін бақылау.<br>**Сұрақтар:** «Жапырақтар қандай түске боялған?», «Қандай жапырақтар үлкен немесе кішкентай?»<br>**Ойын:**<br>**"Жел мен жапырақтар"** ойыны.<br>Балалар «жапырақ» болып, жерге түскен жапырақтар секілді қолдарын жайып, жеңіл секіреді. Мұғалім «Жел соқты!» деген кезде, балалар аланда жүгіріп, жапырақтар секілді айналып ұшады. | қайда ұшатынын бақылау.<br>**Бақылау:**<br>Балалармен бірге серуен кезінде құстардың дауыстарын тыңдап, олардың қайда ұшып жүргенін бақылау.<br>Құстардың атауларын атап, оларға сипаттама беру.<br>**Сұрақтар:** «Құстар қалай сайрайды?», «Қайда ұшады?»<br>**Ойын:**<br>**"Құстар секілді ұшамыз"** ойыны.<br>Балалар құстар секілді қолдарын жайып, ұшуды бейнелеп жүгіреді. Ойын арқылы олардың қимылдары дамиды, әрі құстарға қызығушылығы артады. | діндерін бақылау.<br>**Бақылау:**<br>Ауладағы ағаштардың жапырақтарын, діндерін бақылау.<br>Олардың биіктігі мен жапырақтарының пішінін көру.<br>**Сұрақтар:** «Бұл қандай ағаш?», «Жапырақтары қандай?»<br>**Ойын:**<br>**"Ағашқа айналамыз"** ойыны.<br>Балалар ағашқа ұқсап, орындарында қимылсыз тұрып, кейін жел соққанда «қимылдайды» (қолдарын жоғары көтеріп, тербеледі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сұрақтар:**<br>«Ағаштардың жапырақтары не үшін керек?»<br>«Құстар не жейді?»<br>«Гүлдерге не керек?»<br>**Қоршаған ортаны қорғау:** Балаларға қоқысты тастамау, өсімдіктерді жұлмау туралы түсіндіріледі.<br>**2. Еңбекке баулу: "Көгалдандыру" немесе "Гүлдерге су құю"**<br>**Мақсаты:** Балаларға табиғатқа еңбек ету арқылы қамқорлық көрсетуді үйрету.<br>**Қимыл:** Балалар бақшадағы немесе ауладағы гүлдерге су құяды немесе жапырақтарды жинайды. Бұл жаттығу арқылы балалар еңбекке баулынады және қоршаған ортаға қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді.<br>Мысалы: әр бала кішкене су құтысын алып, бір-екі гүлге су құяды. Педагог оларға су құйғанда қалай жасау керектігін түсіндіреді: "Гүлдерге көп су құюға болмайды, себебі олар суға тұншығады."<br>**3. Дидактикалық ойын: "Табиғаттан не** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **көрдің?"Қимыл:** Балалар серуен кезінде табиғаттағы заттарды бақылап, оларды есте сақтауға тырысады. Серуен соңында педагог: «Сендер табиғаттан не көрдіңдер?» деп сұрақ қояды. Балалар көргендерін тізіп айтып береді. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)** | | | | |
| **Кешкі ас** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Дамытушы орталарда: (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарастыру, сипаттама беру; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>-Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және күрделірек (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) ертегілердің мазмұндары, кейіпкерлер жайында сұрақтарға жауап беруді, өз ойын айтуды үйрету.<br>(коммуникативті дағдылар, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)<br>-Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойымен қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.<br>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>-Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды (дөңгелектеу, есу, жалпайту) жетілдіру.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) | | | | |

| | |
|---|---|
| | - Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыруӨнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)<br>-Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)<br>- Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту).<br>Күні бойы жасаған еңбегін мақтап, «сенің қолыңнан бәрі келеді» деңіз.<br>"Табиғи азық-түліктердің баланың денсаулығына пайдасы"<br>Ата-аналарға кеңес:<br>"Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру". |

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

**Білім беру ұйымы: "Ертөстік" бөбекжайы КМҚК**
**Топ: "Гүлдер" түрлі жас**
**Балалардың жасы:** 3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар
**Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету):** 01.12 – 05.12.2025ж.
Тәрбиешілер: Бекенова Г.К., Утепбергенова К.М
**"Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы"**
Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

| Апта күндері | Дүйсенбі<br>01.12.2025 ж | Сейсенбі<br>02.12.2025 ж | Сәрсенбі<br>03.12.2025ж | Бейсенбі<br>04.12.2025ж | Жұма<br>05.12.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>«Достық» шеңбері.<br>Біз қандаймыз, | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>Армысың, Әлем!<br>Армысың, Жарық күн!<br>Армысың, абзал Адам! | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу «Амансың ба, Алтын күн!»<br>Амансың ба, Алтын | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>«Күй күмбірі»<br>Күймен балаларды қарсы алу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) | қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз,<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) | Армысың, менің досым!<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) | күн! Амансың ба, Жер - Ана! Амансың ба, достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам! (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Қыс мезгілінде болатын мерекелер жайлы ақпарат беру | Ата-аналардың балалары жайлы мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. | «Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. | Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз | Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгімелесу. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.<br>«Қай құрал қай маманға?»<br>**Шарты:**<br>Үстелге құралдардың суреттері қойылады (балға, қасық, шланг, термометр, бояу қылқаламы). Балалар соған сай маманның | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Ізгі іс себеті»<br>**Шарты:**<br>Тәрбиеші себетке түрлі жағдай жазылған қағаздар салады:<br>«Досымның ойыншығын көтеріп бердім»,<br>«Кішкентайға жол бердім»,<br>«Айқайладым»,<br>«Өтірік айттым»,<br>«Көмектестім».<br>Балалар бір қағазды алып | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Адал азамат біртұтас тәрбие**<br>«Менің отбасым және менің міндетім»<br>**Тақырыбы:** Отбасындағы жауапкершілік<br>**-**Баланың отбасы мүшелерін, өз орнын және күнделікті міндетін түсінуіне жағдай жасау.<br>**Шарты:**<br>Отбасы мүшелерінің суреттері беріледі. | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Құқықтық сауаттылық**<br>«Менің ережем»<br>**Шарты:**<br>Тәрбиеші бірнеше ереже суреттерін көрсетеді:<br>ойыншықты бөлісу<br>кезекпен тұру<br>ұрып-соқпау<br>таза жүру<br>Балалар «Мен қандай ережені орындай | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>**Қаржылық сауаттылық**<br>«Дұрыс сатып ал»<br>**Шарты:**<br>Тәрбиеші дүкен ойынын ұйымдастырады.<br>Сөреге екі түрлі зат қойылады:<br>**Қажетті заттар:** нан, су, киім, кітап.<br>**Қалау** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суретін табады (құрылысшы, аспаз, өрт сөндіруші, дәрігер, суретші). Әр жұп дұрыс табылса – жұлдызша беріледі. | қарайды да, ол әрекет адал азаматқа тән бе, жоқ па – айтып, дұрыс болса «Ізгі іс» себетіне салады. | Балалар әр суретке бір әрекет таңдайды: ана – “ас дайындайды”, әке – “жөндейді”, бала – “ойыншық жинайды”. Әр бала өз отбасы міндетін айтып шығады | аламын?» деп өз ережесін таңдап айтып береді. | **заттар:** кәмпит, шар, ойыншық.<br>Балаларға ойын ақша беріледі. Тапсырма: алдымен қажетті заттарды сатып алу. Неге таңдағанын түсіндіріп айту. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.**<br>Гигиеналық дағдылар. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **3 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>**Жүру.** Әртүрлі бағытта: тура бойымен жүру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, бойымен жүру.<br>**Жүгіру.** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден шашырап жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу**. Заттарды екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып арасымен еңбектеу.<br>**Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен,<br>2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға секіре білуді дамыту.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Бірінің | **3 жастағы балалар**<br>**Музыка**<br>**«Музыкалық ойыншықтар әлемі»**<br>**Ұйымдастыру кезеңі**<br>Балаларды шеңберге тұрғызу.<br>Музыкалық амандасу әуені – шапалақпен ырғақ ұстау.<br>**Музыка тыңдау**<br>Тәрбиеші әр аспапты жеке қағып, балалардан «қай аспаптың үні?» деп сұрайды.<br>Қысқа музыкалық үзінді аспап дыбыстарымен тыңдату.<br>**Ән айту**<br>Қарапайым, көңілді ән. Сөздерді анық айтуға үлгі көрсету.<br>Балаларға соңғы сөздерді қосып айтуға мүмкіндік беру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Қимылдарды музыка басталғанда бастап, аяқталған кезде тоқтауға үйрету:<br>– қолды жоғары көтеру<br>– оңға-солға бұрылу | **3 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды жоғары көтеріп, айналдыру; иықты алға-артқа бұру.<br>Тізені бүгу және жазу, басты жайлап иіп, денені айналдыра бұру.<br>Кеуде мен белге арналған созылу жаттығулары.<br>**Негізгі қимыл**<br>Арқанның астымен еңбектеу (биіктігі 40 см).<br>Тура сызық бойымен тепе-теңдік сақтап жүру.<br>Қиындатылған тапсырма ретінде еңбектеу бағытын өзгерту.<br>**Қимылды ойын**<br>«Түн мен күн» — «күн» дегенде балалар жүгіреді, «түн» дегенде тоқтап отырады.<br>Ойын есту реакциясын, жылдам бағдарлану қабілетін жетілдіреді.<br>**Шынықтыру элементі**<br>Қол мен аяқ бұлшықеттеріне жеңіл уқалау.<br>«Гүлді иіскеу» тыныс алу | **3 жастағы балалар**<br>**Қазақ тілі**<br>**«Туған өлкем»**<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>«Ө» дыбысын анық айту (өлке, өзен).<br>Сөйлеу кезінде естуді дамыту.<br>**Сөздік қор:**<br>Өлке, өзен, ауыл, үй, көше.<br>**Грамматикалық құрылым:**<br>Жуан-жіңішке сөздерді ажырату: *ауыл – жуан, өрік – жіңішке.*<br>Көпше түр: *үйлер, көшелер.*<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Сурет бойынша сөйлем: «Бұл — ауыл», «Біздің үй үлкен».<br>**Ойын: «Менің үйім қайда?»**<br>Балаларға үй, көше, ауыл суреттері беріледі.<br>Педагог сөзді атайды – бала тиісті суретті көрсетеді. | **3 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Отырған күйде аяқтарды кезекпен бүгу және жазу.<br>Басты төмен иіп, тізені ұстап тұру.<br>Омыртқа және арқа бұлшықеттеріне арналған жеңіл созылу жаттығулары.<br>**Негізгі қимыл**<br>Заттарды айналып еңбектеу және олардың арасымен өту.<br>Еңбектеу бағытын алға, оңға, солға өзгерту.<br>Төрттаған қалыпта артқа еңбектеуді қосу.<br>**Қимылды ойын**<br>«Жүгір – тұр!» — белгі бойынша жүгіру және дереу тоқтау.<br>Ойын ептілік, зейін және қимыл дәлдігін дамытады.<br>**Спорттық жаттығу**<br>Таянышқа сүйеніп, аяқтың ұшымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұруға үйрету. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** Қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен)<br>**Қимылды ойын**<br>«Кім тез еңбектейді?» — балалар белгіленген жолмен еңбектеп, «мәре» сызығына бірінші жетуге тырысады.<br>Ойын шапшаңдықты, ептілікті және жарысу дағдысын дамытады. | – шапалақ<br>**Музыкалық аспаптарда ойнау**<br>Сылдырмақ пен барабанды кезекпен қолдану.<br>Қарапайым ырғақты қағып ойнау: *дун-дун, ш-ш-ш.*<br>**Қоштасу кезеңі**<br>Тыныш әуен қосып, «Сау бол!» қимылымен қоштасу. | жаттығуы — мұрынмен терең дем алу.<br>«Шамды сөндіру» — ауыз арқылы баяу дем шығару.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету**<br>Жаттығудан кейін киімін ретке келтіру.<br>Майлықпен терін сүрту және жеке заттарын жинастыру.<br>Тәртіп пен тазалық сақтау жайлы шағын түсіндіру. | | көтерілу және созылу. Тепе-теңдікті сақтап 5–8 секунд тұру.<br>Балалардың бойын түзетуге арналған созылу қимылдары.<br>**Салауатты өмір салты**<br>«Денемізді шынықтырамыз» атты қысқа әңгіме:<br>Дұрыс тыныс алу, қозғалыстың денсаулыққа пайдасы туралы түсіндіру.<br>Жеңіл тыныс алу жаттығуларымен аяқтау. |
| | **4 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі Негізгі қимылдар**<br>**Жүру:** сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастыру дағдыларын жетілдіру.<br>**Тепе-теңдікті сақтау:** қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту<br>**Жүгіру:** түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және | **4 жастағы балала**<br>**Музыка**<br>**«Жылдам және баяу музыка»**<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>Балалар орындарынан тұрып шеңберге жиналады.<br>Амандасу әні орындалады.<br>Музыка тыңдау<br>Жылдам және баяу әуен тыңдау.<br>Иллюстрация: | **4 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу.<br>Өкшемен айналу, аяқтың ұшын созу аяқ буындарын дамыту.<br>Белді, тізені және арқа бұлшықеттерін қыздыру жаттығулары.<br>**Негізгі қимыл** | **4 жастағы балалар**<br>**Қазақ тілі**<br>**«Туған өлкем»**<br>**Тілдік дамытушы орта:**<br>Шеңберде отырып туған ауыл, көше, үй туралы әңгімелесу.<br>Әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуді үйрету.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** | **4 жастағы балалар**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Екі аяқты айқастырып тұру және отыру қимылды үйлестіріп орындауға үйретеді.<br>Аяқтың ұшымен тұрып созылу бұлшықеттерді созу, дене созылғыштығын арттыру.<br>Қолды жоғары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру дағдысын жетілдіру,<br>**Еңбектеу, өрмелеу:** етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу;<br>**Секіру:** бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіруді үйрету<br>**Лақтыру, домалату, қағып алу:** оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыруға үйрету,<br>**Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.** Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру және екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру;<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолдарын | – Жылдам әуен – жүгіріп жүрген бала<br>– Баяу әуен – ұйықтап жатқан бала<br>Балалар музыкаға сәйкес қозғалысты таңдайды.<br>Ән айту<br>Әннің жылдам бөлігін – ойнақы,<br>Баяу бөлігін – созып айту.<br>**Ән айту.** Мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру («ре-си» бірінші октава шегінде); қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.** Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.** Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, ойнай білуді дамыту.<br>**Билер.** Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға | Көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу.<br>Құрсаудан өту бағытты дұрыс сақтап, денені төмен ұстап жүруге үйрету.<br>Еңбектеу барысында қимылдың ретімен орындалуына назар аудару.<br>**Қимылды ойын**<br>«Жүгір – тоқта!» тәрбиешінің белгісімен жылдам жүгіру және бірден тоқтау.<br>Ойын жылдам реакцияны, тыңдау қабілетін және қимыл дәлдігін дамытады.<br>**Спорттық жаттығу**<br>Төмен төбешіктен шанамен сырғанау.<br>Қауіпсіздік ережелерін сақтау, шананы дұрыс бағыттау.<br>**Гигиеналық дағды**<br>Қолды және бетті жуу маңыздылығын еске салу.<br>Тісті дұрыс тазалау туралы қысқаша түсіндіру. | *Ү, ө* дыбыстарын сөз ішінде анық айту:<br>**өлке, өзен, үй, .**<br>Фонематикалық естуді дамыту үшін:<br>– «Ө» дыбысы бар сөзді көтер (алақаныңды көтер)<br>– «Ү» дыбысы бар сөзді бүк<br>**Сөздік қор:**<br>Жаңа сөздер: *өлке, өзен, ауыл, көше, мекен.*<br>Шағын жаңылтпаш:<br>**Өзен өтіп, өрге шықтым.**<br>**Грамматикалық құрылым:**<br>Болымсыз түр:<br>– «Бұл ауыл **емес**»<br>– «Мен суды ішпеймін»<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>«Менің өлкем» суреттеріне қарап 2–3 сөйлеммен әңгімелеу.<br>Мысалы: *«Біздің ауылда өзен бар. Көк төбе биік.»*<br>**Ойын: «Өлкеге саяхат»**<br>Балалар карта-суреттер арқылы өзен, тау, көше, | көтеріп жеңіл айналдыру жаттығулары.<br>**Негізгі қимыл**<br>Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және түсу (1,5 м).<br>Қолдың күшін дамыту, сатыларды ретпен пайдалану.<br>Өрмелеу кезінде тепе-теңдікті сақтау және қауіпсіздікке назар аудару.<br>**Қимылды ойын**<br>«Күн мен жел» «күн» дегенде балалар жүгіреді, «жел» дегенде еңкейіп, қозғалысты баяулатады.<br>Ойын қиялды, зейінді және жылдам әрекет ету қабілетін дамытады.<br>**Спорттық жаттығу**<br>Шанамен жұптасып сырғанау.<br>Бірін-бірі итеріп жылжыту, серіктеспен әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алға-артқа сермеу; Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру.<br>**Ырғақтық жаттығу**<br>«Қол шапалақтаймыз» музыка ырғағымен шапалақтау, қолды жоғары-төмен қозғалту. Ырғақ сезімін, есту қабілетін және қозғалыс үйлесімділігін дамытады. | үйрету, жеңіл, ырғақпен қозғалу. | | үйді табады. Педагог сұрайды: «Өзен қайда?», балалар көрсетеді.<br><br>**Музыка**<br>**«Музыканың қатты және ақырын үнін тыңдаймыз»**<br>Ұйымдастыру кезеңі<br>Балалар шеңберге жиналады.<br>Тәрбиеші жылы жымиып:<br>«Сәлем, балалар! Бүгін біз музыканың қатты және ақырын дыбысын тыңдаймыз» – дейді.<br>Қысқа амандасу әуені ойнатылады.<br>Музыка тыңдау<br>Музыкалық шығарманың қатты және ақырын бөлігін тыңдату.<br>Балалар қимылмен көрсетеді: Қатты дыбыс – қолдарын жоғары көтереді<br>Ақырын дыбыс – қолдарын кеудеге жақын ұстайды<br>Тәрбиеші балалардың | **Салауатты өмір салты**<br>«Денсаулық зор байлық» тақырыбындағы шағын түсіндіру. Дұрыс тамақтану, қозғалыс, тазалық және таза ауада серуендеудің маңызы туралы айту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | назарын дыбыстың күшіне аударады.<br>Ән айту<br>Қарапайым сөздері бар көңілді ән.<br>Тәрбиеші тыныс алуды еске салады:<br>«Ән айтқанда қысқа-қыса тыныс аламыз, фразаны соңына дейін жеткіземіз».<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар<br>Музыка қатты болғанда – жылдам жүру,<br>Музыка ақырын болғанда – баяу жүру.<br>Музыка тоқтағанда – қатып қалу ойыны.<br>Балалардың музыкалық аспапта ойнауы<br>Асатаяқ таратылады.<br>Балалар қатты дыбыста – жиі,<br>ақырын дыбыста – жай соғады.<br>Қоштасу кезеңі<br>Тыныш әуен.<br>Балалар бір-біріне қол бұлғап қоштасады. | |

<table>
<tr><td>Серуенге дайындық</td><td colspan="5">(3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.<br>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. (қоршаған әлеммен таныстыру)<br>- киімді дұрыс бүктеу, орнына ілу, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киінуді (шешіне) дағдыға енгізу;<br>- шкафқа ілінген немесе қойылған бас киім, сырт кім, аяқ қиім сияқты заттарды өз орындарына ғана қою, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінуге үйрету, киімді, аяқ киімді таза ұстауға баулу;<br>- көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Қауіпсіздік. Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).</td></tr>
<tr><td>Серуен</td><td>Бақылау: "Жапырақтардың өзгерісі"<br>Мақсаты: Жапырақтардың түсі мен пішіндерін тану, күзгі өзгерістерді бақылау.<br>Іс-әрекет:Балалар ағаштардағы жапырақтардың түстерін бақылайды: жасыл, сары, қызыл және қоңыр жапырақтарды таниды.<br>Педагог балаларға жапырақтың неге түсетінін және күз мезгіліндегі табиғаттың өзгерістерін түсіндіреді.<br>Сұрақтар:<br>«Жапырақтар қандай түстерге боялған?»<br>«Бұл жапырақтар қай</td><td>Бақылау: "Күннің күйі"<br>Мақсаты: Ауа райын сезіну, күннің жылуы немесе салқын болуы туралы түсінік беру.<br>Іс-әрекет:Балалар күннің қалай жылытып тұрғанын немесе ауа райының салқындығын сезіну үшін бетін күнге қаратады немесе желді сезінеді.Педагог балаларға «Күннің шуағы бізді қалай жылытады?» деген сұрақтар қояды.<br>Сұрақтар:«Бүгін күн жылы ма, әлде суық па?»<br>«Күн бізге не береді?»</td><td>Бақылау: "Бұлттарды бақылау"<br>Мақсаты: Аспандағы бұлттардың қозғалысын байқау, олардың түрлері мен пішіндерін тану.<br>Іс-әрекет:Балалар аспанға қарап, бұлттардың пішінін және олардың қалай қозғалатынын бақылайды.<br>Педагог бұлттардың әртүрлі болатынын түсіндіреді: жұқа, қалың, ақ немесе қара бұлттар.<br>Сұрақтар:«Бұлттар қандай? Олар неге ұқсайды?»<br>«Бұлттар қайда қозғалып бара жатыр?»<br>Белсенділік:<br>Балалар бұлттардың пішінін елестетіп, «Олар неге ұқсайды?» деп айтады (мысалы,</td><td>Бақылау: "Құстарды бақылау"<br>Мақсаты: Құстардың қозғалысын, олардың дауысын тыңдау, құстардың түрлерін ажырату.<br>Іс-әрекет:Балалар серуен барысында құстардың даусын тыңдап, олардың қалай ұшып жүргенін бақылайды<br>Педагог құстардың атауларын атап, олардың табиғаттағы рөлі туралы әңгімелейді.<br>Сұрақтар:«Қандай құстарды көрдік?»<br>«Құстар қалай ән салады?»<br>Белсенділік:</td><td>Бақылау: "Ағаштардың биіктігі"<br>Мақсаты: Ағаштардың биіктігін, олардың жапырақтары мен діңін зерттеу.<br>Іс-әрекет:Балалар ағаштардың діңіне қарап, олардың биіктігін бағалайды.Педагог ағаштардың қалай өсетінін түсіндіреді. Балаларға ағаштың жасыл жапырақтары мен олардың пішіндерін көрсету.<br>Сұрақтар:«Ағаш биік пе, әлде аласа ма?»<br>«Жапырақтар қандай пішінде?»</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ағаштан түсті?»<br>**Белсенділік:**<br>Жапырақтарды жинау, олардың пішінін қолдарымен сипалап сезіну, жапырақтармен ойындар ұйымдастыру.<br>**Өсімдіктерге күтім жасау**<br>**Мақсаты:** Балаларға өсімдіктердің күтімі туралы түсінік беру және табиғатқа деген сүйіспеншілік қалыптастыру.<br>**Іс-әрекет:**Балалар бөлмедегі немесе ауладағы өсімдіктерді суарады. Топтағы гүлдердің жапырақтарын сүртеді. Педагог балаларға судың өсімдіктер үшін маңызды екенін түсіндіреді және өсімдіктердің қалай өсетінін көрсетеді.<br>**Құралдар:** кішкентай су құйғыштар, майлықтар.<br>**(Еңбекке баулу , Эко мадениетті дамыту )** | **Белсенділік:**<br>Күнге қарап, оның қалай жарқырап тұрғанын бақылау, желдің күші мен ауа райының әсерін сезіну.<br>**Ойыншықтарды жинау және реттеу**<br>**Мақсаты:** Балаларды өз заттарына және ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға үйрету.<br>**Іс-әрекет:**Балалар ойнап болған соң, ойыншықтарды арнайы себетке немесе сөреге жинайды.<br>Ойыншықтарды әртүрлі санаттарға бөлуге үйрету (мысалы, машиналарды бір жерге, қуыршақтарды басқа жерге қою).<br>**Құралдар:**<br>ойыншықтар, ойыншықтарды жинайтын себеттер.<br>**(Еңбекке баулу , Эко мадениетті дамыту )** | жануарларға, үйлерге ұқсайды деп елестету).<br>**Ауладағы жапырақтарды немесе қоқысты жинау**<br>**Мақсаты:** Балаларға қоршаған ортаны таза ұстауға үйрету.<br>**Іс-әрекет:**Балалар серуен барысында жерге түскен жапырақтарды немесе қоқыстарды жинайды.<br>Педагог балаларға табиғатты қорғау және қоқыстарды жинаудың маңызын түсіндіреді.<br>**Құралдар:** кішкентай қапшықтар, қолғаптар.<br>**(Еңбекке баулу , Эко мадениетті дамыту )** | Құстардың дауысын еліктеу, құстардың ұшуын бейнелеп ойнау (қолдарын жайып, құстар секілді жүгіру).<br>**Құстарды немесе жануарларды күту**<br>**Мақсаты:** Балаларға жануарларға қамқор болуды үйрету.<br>**Іс-әрекет:**Балалар балабақшаның ауласында құстарға жем шашады немесе аквариумдағы балықтарға жем береді.<br>Педагог құстардың немесе жануарлардың қалай тамақтанатынын және оларға қалай қамқор болу керектігін түсіндіреді.<br>**Құралдар:** құс жемі немесе балықтарға арналған жем.<br>**(Еңбекке баулу , Экоадениетті дамыту )** | **Белсенділік:**<br>Ағаштардың айналасында жүру, олардың жапырақтарын жинау және жапырақтардың пішіндерін талдау.<br>**Құммен және сумен ойнау**<br>**Мақсаты:** Балалардың ұсақ моторикасын дамыту және еңбекке қызығушылықты арттыру.<br>**Іс-әрекет:**Балалар құмда немесе суда арнайы ойыншықтармен ойнап, құмнан әртүрлі пішіндер жасайды.<br>Ойнап болғаннан кейін, балалар жұмыс орнын жинайды, құралдарды жуып, сөреге қояды.<br>**Құралдар:** құм және суға арналған ойыншықтар.<br>**(Еңбекке баулу , Эко мадениетті дамыту )** |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту).<br>**Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу) | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-** | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі. Қоршаған әлеммен** | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі. Қоршаған әлеммен** | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі. Қоршаған әлеммен** | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі. Қоршаған әлеммен** | **Түрлі жас (3 жастағы балалар, 4 жастағы балалар) тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **таныстыру әрекеті:** Қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылайды, суреттермен жұмыс істейді, ауа райын сипаттайды. **Сурет салу әрекеті:** Мақта таяқшалармен ақ бояу арқылы «Қар жауып тұр» суретін салады. **Мүсіндеу әрекеті:** Пластилиннен қар адам жасайды, бөліктерін біріктіреді (бас, дене, мұрын). **Жапсыру әрекеті:** Ақ дөңгелек пішіндерден аппликация жасап, «Ақ ұлпа қар» бейнелейді. **Құрастыру әрекеті:** Конструктордан «Қысқы үй» құрастырады, ағаштар мен адамдарды орналастырады. | **таныстыру әрекеті:** Қыста ормандағы жануарлардың тіршілігімен танысады, олардың мінез-құлқын талқылайды. **Сурет салу әрекеті:** Ақ фонға қоянның бейнесін салады («Қоян қарда»). **Мүсіндеу әрекеті:** Пластилиннен түлкі мен аю мүсіндейді. **Жапсыру әрекеті:** Түсті қағаздан «Орман аңдары» аппликациясын жасайды. **Құрастыру әрекеті:** Кубиктерден «Аюдың апаны» құрастырады. | **таныстыру әрекеті:** Шана, шаңғы, қолғап сияқты қысқы ойын құралдарымен танысады, олардың атқаратын қызметін айтады. **Сурет салу әрекеті:** «Шаңғы тебу» тақырыбында сурет салады, қозғалысты көрсетеді. **Мүсіндеу әрекеті:** Пластилиннен «Шанамен сырғанау» көрінісін жасайды. **Жапсыру әрекеті:** Қолғап пішіндерін қиып, «Қолғаптар жұбы» аппликациясын жасайды. **Құрастыру әрекеті:** Қағаз және легодан «Шана» құрастырады. | **таныстыру әрекеті:** Қыста ұшып кететін және қыстап қалатын құстарды ажыратады. **Сурет салу әрекеті:** «Құстарға жем салғыш» суретін салады. **Мүсіндеу әрекеті:** Пластилиннен «Торғай» мүсіндейді. **Жапсыру әрекеті:** Қағаздан «Құстарға жем салғыш» аппликациясын жасайды. **Құрастыру әрекеті:** Конструктордан немесе қағаздан «Құс ұясы» құрастырады. | **Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті:** Қысқы табиғаттағы өзгерістерді қайталайды, бақылау нәтижесін айтады. **Сурет салу әрекеті:** «Қысқы мереке» топтық сурет салады. **Мүсіндеу әрекеті:** «Аққала мен балалар» композициясын мүсіндейді. **Жапсыру әрекеті:** Қысқы безендіру элементтерін (қолғап, шана, шырша ойыншықтары) жапсырады. **Құрастыру әрекеті:** Кубиктер мен қағаз элементтерінен «Мерекелік алаң» жасайды. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | .................. тең және тең емес заттар тобын салыстырып ажыратуды машықтандыру. | ............. бір-бірімен, ересектермен сөйлесуді үйрету. | ................. өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді машықтандыру. | ................ тұратын қаласы мен ауылы туралы айтуды үйрету. | ....................... тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылығын үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | **Бақылау: "Жапырақтардың өзгерісі"**<br>**Мақсаты:** Жапырақтардың түсі мен пішіндерін тану, күзгі өзгерістерді бақылау.<br>**Іс-әрекет:**Балалар ағаштардағы жапырақтардың түстерін бақылайды: жасыл, сары, қызыл және қоңыр жапырақтарды таниды. Педагог балаларға жапырақтың неге түсетінін және күз мезгіліндегі табиғаттың өзгерістерін түсіндіреді.<br>**Сұрақтар:**<br>«Жапырақтар қандай түстерге боялған?»<br>«Бұл жапырақтар қай ағаштан түсті?»<br>**Белсенділік:**<br>Жапырақтарды жинау, олардың пішінін қолдарымен сипалап сезіну, жапырақтармен ойындар ұйымдастыру.<br>**Өсімдіктерге күтім жасау**<br>**Мақсаты:** Балаларға өсімдіктердің күтімі туралы түсінік беру және табиғатқа деген сүйіспеншілік | **Бақылау: "Күннің күйі"**<br>**Мақсаты:** Ауа райын сезіну, күннің жылуы немесе салқын болуы туралы түсінік беру.<br>**Іс-әрекет:**Балалар күннің қалай жылытып тұрғанын немесе ауа райының салқындығын сезіну үшін бетін күнге қаратады немесе желді сезінеді.Педагог балаларға «Күннің шуағы бізді қалай жылытады?» деген сұрақтар қояды.<br>**Сұрақтар:**«Бүгін күн жылы ма, әлде суық па?»<br>«Күн бізге не береді?»<br>**Белсенділік:**<br>Күнге қарап, оның қалай жарқырап тұрғанын бақылау, желдің күші мен ауа райының әсерін сезіну.<br>**Ойыншықтарды жинау және реттеу**<br>**Мақсаты:** Балаларды өз заттарына және ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға үйрету.<br>**Іс-әрекет:**Балалар ойнап болған соң, ойыншықтарды арнайы себетке немесе сөреге жинайды. | **Бақылау: "Бұлттарды бақылау"**<br>**Мақсаты:** Аспандағы бұлттардың қозғалысын байқау, олардың түрлері мен пішіндерін тану.<br>**Іс-әрекет:**Балалар аспанға қарап, бұлттардың пішінін және олардың қалай қозғалатынын бақылайды. Педагог бұлттардың әртүрлі болатынын түсіндіреді: жұқа, қалың, ақ немесе қара бұлттар.<br>**Сұрақтар:**«Бұлттар қандай? Олар неге ұқсайды?»<br>«Бұлттар қайда қозғалып бара жатыр?»<br>**Белсенділік:**<br>Балалар бұлттардың пішінін елестетіп, «Олар неге ұқсайды?» деп айтады (мысалы, жануарларға, үйлерге ұқсайды деп елестету).<br>**Ауладағы жапырақтарды немесе қоқысты жинау**<br>**Мақсаты:** Балаларға қоршаған ортаны таза ұстауға үйрету.<br>**Іс-әрекет:**Балалар серуен барысында жерге түскен жапырақтарды немесе | **Бақылау: "Құстарды бақылау"**<br>**Мақсаты:** Құстардың қозғалысын, олардың дауысын тыңдау, құстардың түрлерін ажырату.<br>**Іс-әрекет:**Балалар серуен барысында құстардың даусын тыңдап, олардың қалай ұшып жүргенін бақылайды<br>Педагог құстардың атауларын атап, олардың табиғаттағы рөлі туралы әңгімелейді.<br>**Сұрақтар:**«Қандай құстарды көрдік?»<br>«Құстар қалай ән салады?»<br>**Белсенділік:**<br>Құстардың дауысын еліктеу, құстардың ұшуын бейнелеп ойнау (қолдарын жайып, құстар секілді жүгіру).<br>**Құстарды немесе жануарларды күту**<br>**Мақсаты:** Балаларға жануарларға қамқор болуды үйрету.<br>**Іс-әрекет:**Балалар балабақшаның ауласында құстарға жем шашады | **Бақылау: "Ағаштардың биіктігі"**<br>**Мақсаты:** Ағаштардың биіктігін, олардың жапырақтары мен діңін зерттеу.<br>**Іс-әрекет:**Балалар ағаштардың діңіне қарап, олардың биіктігін бағалайды.Педагог ағаштардың қалай өсетінін түсіндіреді. Балаларға ағаштың жасыл жапырақтары мен олардың пішіндерін көрсету.<br>**Сұрақтар:**«Ағаш биік пе, әлде аласа ма?»<br>«Жапырақтар қандай пішінде?»<br>**Белсенділік:**<br>Ағаштардың айналасында жүру, олардың жапырақтарын жинау және жапырақтардың пішіндерін талдау.<br>**Құммен және сумен ойнау**<br>**Мақсаты:** Балалардың ұсақ моторикасын дамыту және еңбекке қызығушылықты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
